

Дала желі  
қуатқа айналады



2-бет

Қауіпсіз қоғам  
негізі



4-бет

«Жұлдыз»  
жаққан  
жұлдыздар



5-бет

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Бірлік туы астындағы жарқын сәт

Қарағанды қаласының орталық саябағында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл күн елдегі татулық пен келісімнің, түрлі этнос өкілдерінің өзара құрметі мен достығының жарқын көрінісіне айналды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанат барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, өңірдегі қоғамдық келісім мен бірліктің маңызына ерекше тоқталды. Аймақ басшысы өз сөзінде татулық пен өзара құрметтің қоғам тұрақтылығының басты негізі екенін атап өтті.

– Құрметті жерлестер! Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – ел ішіндегі татулық пен өзара құрметтің айқын көрінісі. «Береке басы – бірлік» дейді халқымыз. Шынында да, бірлік – мемлекетіміздің берік негізі, тұрақтылығымыздың басты кепілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік – Қазақстанның басты жетістігі әрі стратегиялық артықшылығы. Жаңадан қабылданған Конституцияда әділетті қоғам құру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидалары айқын белгіленген. Бұл құндылықтар еліміздің орнықты дамуына және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Өздеріңіз білесіздер, Қарағанды облысы – көпэтносты өңір.



► 3-бет

• РЕСМИ

## Халық саны 20,5 миллионнан асты

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 20 547 909 адамды құрады.

Жыл басынан бері халық саны 48 087 адамға артқан. Ең көп халық Түркістан облысында тіркеліп, 2 146 665 адамға жетті, дегенмен, бұл өңірде жыл басынан бері 2 540 адамға азаю байқалады. Ал, Алматы қаласында халық саны 2 359 052 адам болып, 10 949 адамға өскен.

Сонымен қатар, халық саны 1 миллионнан асатын өңірлер қатарына Астана (1 662 755 адам), Алматы облысы (1 606 365 адам), Шымкент қаласы (1 302 868 адам), Жамбыл облысы (1 214 501 адам) және Қарағанды облысы (1 131 200 адам) кіреді. Ең аз қоныстанған өңірлер ретінде Ұлытау облысы (218 420 адам), Солтүстік Қазақстан облысы (512 991 адам) және Абай облысы (594 320 адам) аталады.

Қала халқының саны 13 137 950 адамға жетіп, 52 840 адамға артқан. Ал, ауыл тұрғындарының саны 7 409 959 адамды құрап, керісінше 4 753 адамға азайған.

Қазақстанда халық санының артуы негізінен табиғи өсім есебінен қалыптасып отыр. Сонымен қатар, соңғы жылдары урбанизация үдерісі күшейіп, тұрғындардың қалаға көшу қарқыны байқалады. Бұл ірі қалалардағы халық санының артуына әсер етуде. Сарапшылардың пікірінше, алдағы уақытта да бұл үрдіс жалғасып, қала халқының үлесі арта түсуі мүмкін.

Өз тілшімізден

### БАСПАСӨЗ-2026

#### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

## Дәстүрлі дода дүбірі

Спортсүйер қауым үшін мамыр айының орны бөлек. Дәл осы кезеңде облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бастамасымен өтетін дәстүрлі жеңіл атлетика эстафетасы өтеді. Жарысқа қатысушылар айлап дайындалып, жеңіс жолында күш-жігерін жұмсайды. Бүгінде бұл эстафета тарихпен сабақтас рухани шараға айналып үлгерді. Биыл жеңіл атлетика эстафетасы 79-шы рет жалауын көтеріп отыр. Әрі биылғы бәсеке Ұлы Жеңістің 81 жылдығына, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» және «Индустриальная Караганда» газетінің 95 жылдық мерейтойына арналды.



Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

#### Эстафетаға екі мыңнан астам қатысушы тіркелді

Аталған эстафетаға қатысушылардың саны жыл санап артып келеді. Биылғы додаға 187 командадан өтініш келіп түскен. Оның 103-і – ерлер, 84-і – әйелдер командасы екен. Ал, жалпы саны екі мыңнан асатын қатысушы тіркелген. Соның 150-ден астамы – дәстүрлі «Достық» жарысына қатысушылар.

Эстафетаның салтанатты ашылу рәсіміне облыстық «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин және жеңіл атлетика ардагері, Қарағанды өңіріндегі әйелдер арасында КСРО-ның алғашқы спорт шебері, ұзындыққа секіруден Қазақстанның үш дүркін рекордсмені Людмила Селиверстова, Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов қатысып, ақжарма тілегін арнады.



► 8-бет

# Дала желі қуатқа айналады

Облыстың энергетикалық картасы түбегейлі өзгермек. Атап айтқанда, Осакаров ауданында қуаты 500 мегаватт болатын, құны 600 миллион доллардан асатын еліміздегі ең ірі жел электр станциясының бірінші құрылысы ресми түрде басталды. Жоба – жасыл энергетикаға қошу саясатының нақты көрінісі әрі өңірдің энергия қауіпсіздігін күшейтетін стратегиялық қадам. Қазақстан мен Қытай арасындағы үкіметаралық келісім аясында жүзеге асып жатқан жоба «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы мен China Energy International Group компаниясының бірлескен бастамасы.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Құрылыстың басталу рәсімі символдық мәнге ие болды. Болашақ станция іргетасына уақыт қапсуласы салынып, оған елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қатысты үміт пен жоспарлар жазылды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл жобаны аймақ үшін бетбұрыс сәт деп бағалады.

Станцияның құрылысы – стратегиялық маңызды зор бастаманың бірі. Әңгіме Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев басым бағыт ретінде айқындаған жасыл энергетиканы дамыту туралы болып отыр. Бұл өңір үшін маңызды оқиға, – деді аймақ басшысы.

Оның айтуынша, жел станциясы – тек қуат көзі емес, жаңа технологиялар мен жаңа мүмкіндіктердің бастауы. Жоба аясында соңғы буындағы жел қондырғылары орнатылып, өндірістік үдерістер жасанды интеллект арқылы басқарыла мақ.

Сарыөзек ауылы маңында 63 алып жел генераторы орнатылады. Әрқайсысының биіктігі 120 метрге дейін жетсе, қалақтарының ұзындығы 80 метрге созылады. Бұл көрсеткіштер Қазақстандағы ең ірі жел құрылыстарының бірі болатынын аңғартады. Даланың еркін желін тиімді пайдалану – дәл осы жерде мүмкін болады. «Осакаровка-Сарыөзек-Тельман» бағытындағы жел әлеуеті бұрыннан жоғары деп бағаланған.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов жаңа станцияның маңызын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, бұл жоба өңірді тұрақты әрі экологиялық таза электр энергиясымен қамтамасыз етіп қана қоймай, жалпы облыстың экономикалық дамуына серпін береді.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – техно-



Станция жылына 1,8 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді. Нысанды 2029 жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға беру көзделген.

логиялық жаңашылдығы. «Самұрық-Энерго» АҚ басшысы Қайрат Мақсұтов нысанды жасанды интеллект негізіндегі басқару жүйелері қолданылатынын айтады. Бұл өндірістің тиімділігін арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Құрылыс кезеңінде шамамен 600 адам жұмыспен қамтылмақ. Ал, станция іске қосылғаннан кейін тұрақты жұмыс орындары ашылады. Бұл – ауылдық аумақтар үшін маңызды әлеуметтік қолдау.

Қытайлық серіктестердің тәжірибесі де жобаның табысты жүзеге асуына ықпал етпек. China Energy International Group мамандары алдын ала жел жылдамдығын өлшеп, техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеген. Бұл жобаның ғылыми

әрі инженерлік тұрғыдан жан-жақты пысықталғанын көрсетеді.

Жоспарға сәйкес станция жылына 1,8 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді. Нысанды 2029 жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға беру көзделген.

Айта кету керек, бұл Осакаров ауданындағы алғашқы жоба емес. Қазірдің өзінде мұнда қуаты 150 мегаватт болатын тағы бір жел станциясы салынып жатыр. Бұл аймақтың «жасыл» энергетика орталығына айналып келе жатқанын айғақтайды.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Қоғам жастарды қолдайды



Бүгінгі жастар – әлеуеті жоғары, бәсекеге қабілетті буын. Осы бағыттағы жұмысты жүйелеу мақсатында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Жастар ісі жөніндегі кеңестің кезекті отырысын өткізді. Жұлын барысында өңірде жастар саясатын іске асырудың өзекті мәселелері жан-жақты талқыланып, негізгі басымдықтар айқындалды. Сонымен қатар, жастардың дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың бастамаларын қолдау және қоғамдағы белсенділігін арттыру тетіктері кеңінен қарастырылды. Өңір басшысы отырыс соңында бірқатар жастар ресурстық орталығына марапат табыстап, жастар саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесін ерекше атап өтті.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын негізгі құрылым – Жастар ресурстық орталықтары. Аталған ұйымдар жастардың өңірдің қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени өміріне белсенді араласуына жағдай жасайтын басты институттардың бірі саналады. Бүгінде олар жас буынның жан-жақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігін арттыруда кешенді іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Десе де, бұл салада шешімін талап ететін өзекті мәселелер бар екен. Осыған орай, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Айсулу Ерниязова бірқатарына тоқталып өтті.

Бірінші мәселе – кадр тапшылығы. Бүгінгі таңда Жастар ресурстық орталықтарының жалпы штат саны 215 бірлікті құрайды. Оның ішінде, жастармен тікелей жұмыс істейтін салалық мамандар саны – 146. Бұл көрсеткіш орталықтардағы кадрлық құрамның толық жасқалмағанын және білікті мамандардың жетіспеуін аңғартады. Бұдан бөлек, Жастар ресурстық орталықтарының штаттық құрылымында психолог пен заңгер бірліктері қарастырылмаған. Мәселен, Осакаров және Шет аудандарында психолог мамандар бар болғанымен, заңгер жоқ. Ал, Абай, Қарқаралы және Нұра аудандарында бұл екі мамандық та мүлде қарастырылмаған.

Екінші мәселе – материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Көптеген өңірде ЖРО үшін ғимараттар тегін ұсынылады. Дегенмен, Қарағанды, Приозерск қаласындағы, Бұқар жырау, Нұра, Шет ауданында нысандарды жалға алу ақылы негізде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оқыту семинарлары, конференциялар мен іскерлік кездесулер өткізу үшін облыс аумағында 11 коворкинг орталығы жұмыс істеп тұр, – деді Айсулу Ерниязова.

Сонымен қатар, басқарма басшысы 2026 жылы облыс бойынша мемлекет-

тік әлеуметтік тапсырыс пен қызметтер аясында жалпы сомасы 272 млн теңгені құрайтын 59 жоба іске асырылып жатқанын атап өтті. Бұдан бөлек, NEET санатындағы жастардың жай-күйі мен оларды қолдау, Жастар ісі жөніндегі кеңестің қызметі туралы баяндама жасалды.

Облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Қабагенов болса, бүгінгі жастардың өмір салты өзгергенін айтады.

Қазіргі таңда цифрландыру күшейді, ақпарат көп, бәсеке жоғары. Сондықтан, біз де жұмыс тәсілдерін өзгертуге мәжбүрміз. Біріншіден – инфрақұрылым мәселесі. Жалпы, өңірде инфрақұрылым қалыптасқан. Алайда, біркелкі дамымаған, әсіресе ауылдық жерлерде жеткіліксіз. Екіншіден – жобалар мен қамту. 2025 жылы 24 жоба қаржыландырылды. Осы тұста мәдениет мекемелерінің ролін атап өткім келеді. Облыста 244 мәдени-демалыс ұйымы, 24 мыңнан астам адамды қамтитын 1444 клубтық құрылым жұмыс істейді. Соған қарамастан, тиімділік орташа деңгейде. Аймақтар арасында айырмашылық бар. Кейбір жерлерде инфрақұрылым жеткіліксіз, – деді Аслан Қабагенов.

Өңір басшысы өз сөзінде жастардың әлеуетін толық ашуға барлық қажетті жағдайды қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, кеңес отырысында көтерілген барлық мәселе хаттамаға енгізіліп, алдағы кезеңде оларды кезең-кезеңімен іске асыру бойынша нақты жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

Кенес соңында жастар саясатын дамытуға қосқан кәсіби-шығармашылық үлесі және өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы еңбегі үшін бірқатар Жастар ресурстық орталықтары марапатталды. Атап айтқанда, Қарағанды, Төміртау, Шахтинск қаласының, Осакаров, Қарқаралы, Ақтоғай және Бұқар жырау Жастар ресурстық орталықтары бірқатар аталым бойынша үздік деп танылды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Ірі жоба, іргелі мүмкіндік

Қарағанды Еуразиядағы ірі логистикалық орталыққа айналуға нақты қадам жасады. «Сары-Арқа» әуежайы негізінде мультимодальды әуе хабы құрылып, оның айналасында QarGoCity атты жаңа жүк экожүйесі қалыптасады. Алдағы 25 жылға арналған мастер-жоспар өңірдің экономикалық келбетін түбегейлі өзгертіп, Қарағандыны Еуразиядағы маңызды транзиттік орталықтардың біріне айналдыруды көздейді.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды әуежайы енді тұтас өңір экономикасын алға сүйрейтін стратегиялық нысанға айналмақ. Халықаралық сарапшылар әзірлеген ұзақмерзімді даму жоспары әуежайды жаңғыртумен шектелмей, жаңа логистикалық және өндірістік экожүйенің негізін қалайды.

Облыс әкімдігінде өткен кеңесте жобаның болашағы жан-жақты талқыланды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бұл бастаманы елдің транзиттік әлеуетін арттыру және экономиканы әртараптандыру бағытындағы маңызды қадам ретінде бағалады. Оның айтуынша, «Сары-Арқа» әуежайы бүгінде халықаралық жүк тасымалдары үшін барлық алғышартқа ие. Мұнда еліміздегі аумағы бойынша екінші ірі карго-терминал орналасқан, ал, жүк бағыттары Лагын Америкасы, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен байланыс орнатқан.

Ендігі міндет – осы әлеуетті толық пайдаланып, қолданыстағы инфрақұрылымды халықаралық деңгейдегі мультимодальды хабаға айналдыру. Бұл үшін тек әуе қатынасы емес, теміржол және автомобиль логистикасы да қатар дамытылады. Қазірдің өзінде әуежайға тікелей теміржол тармағын салу мәселесі қарастырылып жатыр.

Жоба «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы аясында жүзеге асырылмақ. Мұнда логистика, қайта өңдеу және жүк ағындарын басқаруға бағытталған арнайы субаймақ құрылып, инвесторлар тартуға негіз болатын жеті басым бағыт айқындалған.

«Сары-Арқа әуежайы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Ерлан Оспановтың мәліметінше, жоба қазірдің өзінде жоспардан нақты іске асыру кезеңіне өткен. Қарағандыда шамамен 600 гектар аумақты қамтитын жаңа карго-аймақ салынуда. Сонымен қатар, аэродром инфрақұрылымы кеңейтіліп, ірі жүк ұшақтарын қабылдауға арналған арнайы алаңдар дайындалуда.



Жүк тасымалының қазіргі динамикасы жобаның болашағы зор екенін көрсетеді. Бұған дейін жылына шамамен 15 мың тонна жүк қабылдаған әуежай биыл бұл көрсеткішті 100 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр. Ал, халықаралық сарапшылардың бағалауынша, алдағы он жыл ішінде жүк көлемі 1 миллион тоннаға дейін өсуі мүмкін.

Әуежайдың отын базасы да жаңартылып жатыр. Болашақта бұл нысан елдегі екі түрлі авиация түрімен жұмыс істейтін санаулы әуежайлардың біріне айналмақ. Бұл халықаралық жүк тасымалы дамуы үшін маңызды техникалық

артықшылық береді.

Жүк тасымалының қазіргі динамикасы жобаның болашағы зор екенін көрсетеді. Бұған дейін жылына шамамен 15 мың тонна жүк қабылдаған әуежай биыл бұл көрсеткішті 100 мың тоннаға жет-



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

кізуді жоспарлап отыр. Ал, халықаралық сарапшылардың бағалауынша, алдағы он жыл ішінде жүк көлемі 1 миллион тоннаға дейін өсуі мүмкін.

Басқарушы серіктес Франц Ван Гессеннің айтуынша, Қарағанды ірі жүк хабы дамуы үшін барлық мүмкіндіктерге ие. Географиялық орналасуы тиімді, жер ресурстары жеткілікті, әуе кеңістігі бос, әрі жолаушылар ағынымен бәсекелестік жоқ. Бұл – жүк тасымалы дамытуға ерекше жағдай қалыптастырады.

Оның пікірінше, әзірленген мастер-жоспар тек әуежайды кеңейту емес, QarGoCity атты жаңа логистикалық және индустриялық экожүйенің негізін қалыптастыруға бағытталған. Егер жоба толық жүзеге асса, Қарағанды Еуразиядағы маңызды логистикалық орталықтардың біріне айналуы мүмкін.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КЕЗДЕСУ

# Үздіктер анықталды

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде ұйымдастырылған «BUKETOV LEADER – 2026» жастар сыйлығы бұл жолы өзінің дәстүрлі шеберінен асып, мазмұны терең, тағылымы мол үлкен диалог алаңына айналды. Өйткені, мұнда үздіктер марапатталып қана қоймай, елдің ертеңін айқындайтын жалынды жастар, білік пен халық арасына алтын көпір болып жүрген халық қалаулыларымен жүздесті. Кеш қонақтары ретінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Еркін Әбіл, Берік Бейсенғалиев және Құдайберген Бексұлтанов арнайы қатысып, жастармен ашық-жарқын әңгіме өрбітті. Белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Құрман Маханов әулеті ән шырқап, жастардың көңілін бір серпілтті.



Жәлел ШАЛҚАР «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі жас ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға болғандықтан, жастар саясаты – мемлекеттік идеологияның басты басымдығының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, аталған кездесу жастардың жетістігін дәріптей отырып, олардың бойындағы әлеуетті танып, оны дұрыс бағытқа бұруға жасалған нақты қадам болды. Жастардың білімге, ғылымға, қоғамдық белсенділікке деген құлшынысы ел дамуының басты қозғаушы күші екені тағы бір мәрте айқындалды.

Мәжіліс депутаттарының Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің түлектері ретінде жастарға бағыт-бағдар беруші, ақыл-кеңес айтушы тұлғалар ретінде арнайы шақырылғанын атап айту керек. Депутаттар өз сөзінде ел болашағы білімді, бәсекеге қабілетті, ойы озық жастардың қолында екенін ерекше атап өтті. Олар қазіргі заман – білім мен технологияның дәуірі екенін айтып, әр студент өз саласында үздік болуға ұмтылуы тиіс екенін жеткізді. «Жастар – елдің ертеңі әрі бүгінгі күннің қозғаушы күші» деген сынды ойлар кештің негізгі идеясымен үндесіп жатты.

– Бүгінгі жас буын – еліміздің ертеңі. Қазір білім алып, бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие маман болуға үкімет тарапынан барлық жағдай жасалуда. Сол мүмкіндікті пайдаланып, мықты кадр болып қалыптасу керек. Жастар ғылымға, өнер-білімге үйір болып өсуі керек. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде сапалы білім алуға мүмкіндік мол. Жаңа бастамалары да баршылық. Бүгінгі шараға қатысып отырғаныма өте қуаныштымын. Жастардың жегірін, тапшынын көріп толқып отырмын. Осы университеттің бұрынғы түлектері елімізге белгілі тұлғалар. Көздерінде от ойнап тұрған студенттердің арасында да аға-апалары сияқты көшбасшылар жүрген болар, мүмкін. Мен жастарға Абайдың сөзімен: «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» тілеймін деді, – Құдайберген Бексұлтанов.

Салтанатты шараға қатысып, үздік студенттерге қаржылай сертификат табыстағандар қатарында университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор Нұрлан Дулатбеков пен облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Айсұлу Ерниязова да болды. Олар жастардың жетістіктерін жоғары бағалап, ел болашағын қалыптастырудағы білімді ұрпақтың роліне ерекше тоқталды.

Салтанатты кеш барысында марапатталған жастардың әрқайсысы – табандылық пен еңбектің нақты нәтижесін көрсеткен ынталы жастар. Жасанды интеллект бағытында озық жобаларымен танылған Илияс Хасенов «Жылдың ең үздік жасанды интеллект қолданушысы» атанса, спорт саласында университет намысын абыроймен қорғап жүрген Мирас Құрақбай «Жыл спортшысы» деп танылды. Қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен көзге түскен Нұрбол Абибулла «Жыл волонтері» атанып, қайырымдылық пен адамгершіліктің жарқын үлгісін көрсетті. Ол үш жылда 500-ден астам игі іске ұйытқы болып, нағыз азаматтық жауапкершілік танытқан.

Ақпараттық кеңістікте университет имиджін қалыптастырып жүрген жас контент-мейкерлер Бағлан Полатбеков, Иманғали Ернаұлы және Айдана Сәтпаева да үздік деп танылды. Ал, өнер саласында жарқыраған Аңсаң Сманов, Дархан Әбдіқадір және Ерасыл Ержанов «Жыл таланты» атанып, шығармашылықтың шексіз мүмкіндігін дәлелдеді.

«BUKETOV LEADER – 2026» жобасының жеңімпаздары ретінде анықталған Сымбат Боранбай, Фатима Догдирхан және бас жүлде иегері Ерлан Құрымбай – үздік студент қана емес, нағыз көшбасшы ретінде танылды. Олар білімде озып, ғылымда дараланып, қоғамдық өмірде белсенділік таныту арқылы жан-жақты дамыған тұлға екенін дәлелдеді.

Мәжіліс депутаттары жастарға мотивация беру мақсатында ҚарҰЗУ-дың танымал түлектері Геннадий Головкин, Асхат Аймағамбетов және Серік Сапиев сынды ел мақтаныштары мисалға келтірді. Олар – табандылықтың, еңбектің және мақсатқа жетудің нақты дәлелі.

Тағылымды шараның соңы халық қалаулылары Қазақстан Республикасы ИМ Бөрімбаев Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы курсанттарымен кездесуге ұласты. Бұл кездесу – жастармен ашық диалог орнату, олардың ой-пікірін тыңдаудың жарқын үлгісі болды.

Кездесу барысында еліміздің құқықтық жүйесіндегі өзекті өзгерістер, Конституция аясындағы жаңашылдықтар, заң жобалары мен реформалар кеңінен талқыланды. Депутаттар заңнамаларды жетілдіру бағытындағы бастамалар туралы айтып, болашақ құқық қорғау саласы мамандарының қоғамдағы орны ерекше екенін айрықша атап өтті.

Сурет Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-нің баспасөз қызметінен

# Бірлік туы астындағы жарқын сәт

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып келеді. Бұл – бірлік пен келісімнің нақты нәтижесі. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» бастамасы – ортақ үйімізге деген жанашырлықтың айғағы. Тазалық, тәртіп және жауапкершілік – қоғамдағы бірлікті нығайтатын маңызды құндылықтар. Бірлік – біздің ең үлкен байлығымыз. Оны сақтау мен нығайту – баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді облыс әкімі.

Мерекелік концерт «Халықтар достығы – ынтымақта» атты әсерлі прологпен басталды. Мемлекеттік «Наз» би театры сахналаған қойылым көрермендерге бірлік пен бейбітшіліктің маңызын ерекше жеткізді. Ресми бөлігінде жүргізушілер құттықтау сөз сөйлеп, облыс әкімінің мерекелік лебізі оқылды.

Өңірде жүзден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді, сондай-ақ, 60-қа жуық этно-мәдени бірлестік қызмет атқаруда. Мерекелік бағдарламаның негізгі өзегі – әралуандыққа қарамастан бірліктің нығая түсуі. Сахналарда түрлі халықтардың



шығармашылығынан құралған жарқын көріністер ұсынылып, бұл қазақстандық қоғамның байлығы мен бірегейлігін айшықтай түсті.

«Достық әуені» атты концерттік бағдарлама аясында еліміздің танымал өнерпаздары сахна төрінен табылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлнұр Оразымбетова «Мерекенмен елім», «Сүйемін құлай», «Алға, Қазақстан!» әндерін орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Бағдарлама ба-

рысында қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр, орыс, украин және түрік халықтарының ұлттық билері ұсынылып, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады. Әсіресе, «Қара жорға», «Ақжайық» билері ұлттық нақышымен ерекшеленді. Саябақтың орталық алаңында халық шеберлері өз жұмыстарын көпшілік назарына ұсынды. Сондай-ақ, көрме аясында шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Мерекелік шараның қорытынды бөлігінде Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік

өнерпаздары өнер көрсетті. Олар «Казакский сувенир», «Камажай», «Осенние листья», «I Feel Good» сынды түрлі жанрдағы композицияларды орындап, кештің әнін келтірді.

Бұл мереке – еліміздегі бірлік пен тұрақтылықтың символы. Қарағандылықтар үшін бұл күн тек мереке ғана емес, ортақ құндылықтарды дәріптейтін маңызды рухани оқиғаға айналды.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Ынтымақты елге ырыс қонады

Қарағанды қаласында Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай дәстүрлі «Бірлік жүгірісі – 2026» республикалық жарысы өтті. Аукымды спорттық шара Орталық мәдениет және демалыс саябағында ұйымдастырылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жыл сайын өткізілетін бұл жарыс қоғамдағы татулық пен ынтымақты нығайтуға бағытталған маңызды іс-шараның бірі болды. Биыл да оған жүздеген қатысушы – Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктер өкілдері, белгілі спортшылар, қоғам қайраткерлері және саламатты өмір салтын ұстанатын тұрғындар қатысты.

– Тауелсіздік алғаннан бері жыл сайын 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай түрлі спорттық шаралар, соның ішінде, жүгіру, марафон, эстафеталар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Биыл



да осы дәстүр жалғасын тауып, қалалық саябақта «Бірлік жүгірісі» өтті. Қатысушыларға арнайы естелік жейделер табысталып, барлығы ерекше көңіл күймен жарысқа қатысты. Мұндай шаралардың басты мақсаты – елдегі түрлі этнос өкілдерін біріктіру, халықтың бірлігін нығайту және достықты дәріптеу. Осындай жарыстарда адамдар арасындағы татулық пен өзара сыйластық айқын көрінеді. 1 мамыр – тек

мереке ғана емес, бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін маңызды күн. Бұл күні тұрғындар бір-біріне құрмет көрсетіп, ортақ құндылықтарды дәріптейді, – деді қытай этномәдени орталығының төрағасы Д-Си Ян.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Бірлік жүгірісі» тек спорттық жарыс қана емес, елдегі бейбітшілік, достық және бірлік құндылықтарын дәріптейтін маңызды алаңға айналды.

– Бүгін – жарқын күн, еліміз үшін ерекше мереке. Қазақстан халқының бірлігі күні – елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностардың мәдениеті мен дәстүріне деген құрметке негізделген маңызды мереке. Осы айтулы күнмен барша қазақстандықтарды шын жүректен құттықтаймын. Сонымен қатар, Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ұйымдастырылған дәстүрлі «Бірлік жүгірісіне» қатысып жатқан барлық қатысушыларға алғысымды білдіремін. Баршаңызға бейбітшілік, мықты денсаулық тілеймін, – деді Қарағанды облысындағы шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев.

Қатысушылар 2 шақырым қашықтықты еңсеріп, өзара қолдау мен ынтымақтың үлгісін көрсетті.

Жеңімпаздар марапатталып, барлық қатысушыларға естелік медальдар табысталды. Осылайша, «Бірлік жүгірісі – 2026» ел бірлігін айшықтаған мазмұнды әрі жарқын мерекелік оқиға ретінде қорытындыланды.

Суретті түсірген автор

# Жауапкершілік алаңы

Қарағанды қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында «BIKE SESSION NEO NOMADS» атты ауқымды мотосара өтті. «Зан мен тәртіп» идеологиясы аясында ұйымдастырылған іс-шараға жастар, ULYS NOMAD (Астана) және Chingizkhan (Қарағанды) мотобірлестіктерінің өкілдері, прокуратура, өңірлік полиция департаменті, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар қатысты. Шараны Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мотомерекенің басты мақсаты – жол қауіпсіздігі, көлік жүргізу мәдениеті, алғашқы медициналық көмек көрсету және саналы өмір салтын қалыптастыру мәсе-

лелерін талқылау. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бастама еркіндік, қозғалыс және жауапкершілік құндылықтарын дәріптейтін маңызды қоғамдық алаңға айналды.

Қарағанды облысының жастар саясаты басқармасының басшысы Айсұлу Ерниязова іс-шараның

маңыздылығын атап өтті.

– Бүгін басты назарда – зан мен тәртіп идеологиясының қағида-тәртіптері. Соңғы уақытта жастар арасында екі дөңгелекті көлікке қызығушылықтың артқаны жағырын емес. Сондықтан, бізге жол қауіпсіздігі ережелерін қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізу маңызды. Себебі сауатты жүргізу – өз өмірлеріңді де, жақындарыңды өмірін де сақтайды, – деді Айсұлу Ерниязова.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру және зан талаптарын сақтау қажеттігі туралы Қарағанды облысы прокуратурасы басқармасының прокуроры Құтыбек Байдылдин өз сөзінде атап өтті.

Өз кезегінде республикалық білім беру бағдарламаларының авторы, кәсіби медиатор-келіссөз жүргізуші, ULYS NOMAD мотобірлестігінің жетекшісі Серік Щеглов Қарағанды облысының түрлі бастамаларға ашық екенін жеткізді. Ол өңір басшылығының жобаларды жүзеге асырудағы жеделдігі мен креативтілігін жоғары бағалады.

– Бұл жолы да Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей тарапынан қолдау тапты. Ол біздің BIKE SESSION өткізу идеямызды құптап, оны дәл осы ірі шахтерлік өңірдің ор-

талығында ұйымдастыруға мүмкіндік берді, – деді Серік Щеглов.

Іс-шара барысында спикерлер жол-көлік оқиғасы кезіндегі алғашқы әрекеттер, қауіпті жаракаттардың алдын алу, зиянды әдеттерге балама жолдар, халықаралық саяхаттар және басқа да маңызды тақырыптарды қарапайым әрі түсінікті түрде түсіндірді.

Қала тұрғындары мен қонақтары мотоциклдер көрмесін тамашалап, фотосессияға қатысып, әсерлі музыкалық бағдарламаларға куә болды. «BIKE SESSION NEO NOMADS» жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ендігі міндет – жастардың жол қозғалысы ережелерін сақтап, рөлде барынша сақ болуы.

Мұндай форматтағы ашық алаңдар жастар мен тәжірибелі мотосабандоздар арасында өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Қатысушылар тек теориялық ақпаратпен шектелмей, нақты өмірлік жағдайларда қалай әрекет ету керектігін талқылап, өзара пікір алмасты. Бұл өз кезегінде жол қозғалысына деген жауапкершілікті арттыру қана қоймай, мотомәдениеттің қауіпсіз әрі саналы бағытта дамуына ықпал етеді. Осындай іс-шаралар арқылы қоғамда тәртіп пен қауіпсіздікке негізделген жаңа көзқарас қалыптасып келеді.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

# Қауіпсіз қоғам негізі

Заңды құрметтеу – құқықтық мемлекеттің басты шарты. Қоғамда тәртіп берік орнығуы үшін әр азамат өз құқығын ғана емес, өз міндетін де білуі шарт. Әсіресе, бұл ұстаным жас буынның санасына ерте сіңгені маңызды. Өйткені, құқықтық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидаты да осы жауапкершілікті терең ұғынуға үндейді. Бұл қағидат тек құқық қорғау органдарының жұмысына ғана емес, тұтас қоғамның өмір салтына қатысты. Заң үстемдігі бар жерде қауіпсіздік, қауіпсіздік бар жерде сенім болмақ. Ал, сенім бар жерде тұрақты даму бар. Осы мақсатта аймақта жастарға арналған «Ашық полиция» іс-шарасы өтті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Алдын алу – жазалаудан маңызды

Қазыбек би ауданы прокуратурасының бастамасымен ұйымдастырылған іс-шараға Ж.Буменов атындағы Қарағанды банк колледжінің студенттері мен қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары қатысты. Олар Қарағанды қалалық полиция басқармасының жұмысымен танысып, құқық қорғау жүйесінің күнделікті қызметін көзбен көрді.

– Жасөспірім шақ – адамның мінезі қалыптасып, қоршаған ортаға көзқарасы орнығатын кезең. Дәл осы уақытта құқық пен жауапкершілік, еркіндік пен тәртіп, таңдау мен салдар туралы ашық әңгіме жүргізу аса маңызды. Осы іс-шарамыздың да негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және полиция қызметіне деген сенімді нығайту. Бір қарағанда, полиция ғимараты аралату, қызмет кабинеттерін көрсету, мамандармен кездестіру секілді қарапайым таныстыру болып көрінуі мүмкін. Десе де, оның астарында әлдеқайда салмақты мақсат жатқаны анық. Ол – жасөспірімдер мен жастардың құқықтық санасын қалыптастыру, заң бұзудың салдарын ертерек түсіндіру, қоғамда құқық бұзушылыққа бейжай қарамайтын буын тәрбиелеу. Себебі, заңды құрметтеу құрғақ насихатпен емес, оның өмірде қалай жұмыс істейтінін түсінуден басталады, – деді Қазыбек би ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Гүлсара Керімжанова.

Гүлсара Серікқызының айтуынша, құқықтық мәдениет тек заң баптарын жаттаумен қалыптаспайды. Жас адам заңын қалай жұмыс істейтінін, полицияның қандай жағдайда әрекет ететінін, құқық бұзушылықтың қандай жауапкершілікке әкелетінін нақты көргенде ғана оның бойында ішкі негіз, азаматтық жауапкершілік пайда болады. «Мұның соңы неге апарды?», – деген сұраққа құрғақ ескертуден гөрі, көзбен көрген көрініс көбірек әсер етеді.

## Цифрлық бақылау

Іс-шара барысында жастар Қарағанды қаласының полиция басқармасына барды. Қаладағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік жұмыстарын үйлестіретін орталықта қатысушылар ішкі істер органдарының күнделікті қызметімен танысып, полиция жұмысының сырт көзге көріне бермейтін қырларын көрді.

Әдетте көпшілік полиция қызметін көшедегі патруль, жолдағы инспектор немесе оқиға орнына келген тәртіп сақшысы арқылы ғана елестетеді. Ал, шын мәнінде, қоғамдық қауіпсіздіктің артында үздіксіз ақпарат қабылдау, жедел талдау, бейнебақылау, патрульдерді үйлестіру және заңды рәсімдердің тұтас жүйесі тұр.

Жастар осы жүйенің қалай жұмыс істейтінін Жедел басқару орталығында көрді. Мұнда 102 операторлары тұрғындардан түскен қоғамдық қауіпсіздік туралы хабарларды қабылдайды. Хабарламалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тіркеледі.

– Бір қарағанда, оператордың жұмысы тек телефон тұтқасын көтерумен шектелетіндей көрінуі мүмкін. Бірақ, шұғылы хабар түскен сәттен бастап, бірнеше қызмет бір мезгілде қозғалысқа түседі. Мысалы, тұрғын ұрлық немесе құқық бұзушылық туралы хабар берсе, оператор ақпаратты тіркейді. Сол уақытта бейнебақылау инспекторлары оқиға болған аумақтағы камераларды тексереді. Навигаторлар GPS арқылы сол маңда жүрген патрульдік экипаждарды анықтайды. Ал, күштік құрылымдарды басқару тобы жақын маңдағы нарядты оқиға орнына бағыттайды, – дейді Жедел басқару орталығы бастығының міндетін атқарушы Асанәлі Әкімов.

Жедел басқару орталығында қаладағы хал-ахуал үлкен экрандар арқылы қадағаланады. Бейнебақылау инспекторлары көшелердегі, қоғамдық орындардағы, білім беру мекемелері маңындағы ахуалды ұдайы бақылап отырады. Мұның бәрі құқық бұзушылықтың алдын алуға, оқиға болған жағдайда дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Әсіресе, мектептер, колледждер, балабақшалар мен жоғары

оқу орындары маңындағы қауіпсіздік мәселесінде мұндай жүйенің маңызы зор.

Асанәлі Әкімов жастарға «Қорғау» бағдарламасының жұмысын да түсіндірді. Бұл жүйе іздеудегі немесе ұрланған көліктерді, сондай-ақ, жол қозғалысы ережесін бұзған автокөліктерді оп-сәтте анықтауға көмектеседі. Көлік камераға түскен бойда ақпарат орталыққа жетіп, жақын маңдағы инспекторларға бағыт беріледі. Демек, заманауи полиция қызметінде адам еңбегі мен цифрлық жүйелер қатар жұмыс істейді.

– Бұл жерде тағы бір маңызды мәселе бар. Полицияның әр әрекеті заң аясында жүзеге асады. Қызметкерлер азаматты біреудің ауызша сөзімен немесе негізсіз күдікпен ұстай алмайды. Кез келген іс-қимыл ресми тіркелген дерекке, арызға, нақты ақпаратқа және заң талаптарына сүйенеді, – деді Асанәлі Әкімов.



## Қылмыс дәлелмен ашылады

Жедел басқару орталығынан кейін қатысушылар криминалист мамандардың жұмысымен танысты.

Жедел-криминалистикалық бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Денис Сафонов қатысушыларға қылмыстық есепке алу кабинетінің жұмысын түсіндірді. Мұнда заңда белгіленген тәртіппен күдікті ретінде ұсталған тұлғалардың саусақ іздері алынып, фотодеректері рәсімделеді, қажет болған жағдайда биологиялық үлгілер жиналады. Мұның бәрі болашақта қылмысты жедел ашуға, оқиға орнында қалған іздер арқылы тұлғаны анықтауға және тергеудің сапалы жүргізілуіне мүмкіндік береді.

– Криминалистік басты міндеті – оқиға орнындағы айғақтарды тауып, бекітіп, дұрыс сақтап, тергеу жұмысына ұсыну. Саусақ ізі, биологиялық материал, бейнежазба, басқа да заттай дәлелдер – қылмыстық істің бағыт-бағдарын айқындайды. Бір қарағанда ұсақ көрінетін іздің өзі істің ақ-қарасын ажыратуға себеп

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

болуы мүмкін. Бүгінде қылмысты ашуға заманауи технологиялардың рөлі артып келеді. Қаладағы бейнебақылау жүйелері, цифрлық дерекқорлар, кескінді талдау мүмкіндіктері, биологиялық сараптама құралдары құқық қорғау органдарының жұмысын едәуір жеңілдетеді. Өйткені, қандай технология қолданылса да, оның бәрі заңмен белгіленген тәртіп аясында жүргізілуі тиіс, – деді Денис Сафонов.

Маман жастарға дактилоскопиялық құралдардың қалай қолданылатынын да көрсетті. Саусақ ізін алу, оны арнайы бағаға енгізу, кейін сол іздер арқылы сәйкестендіру жүргізу – криминалистік жұмыстың негізгі кезеңдерінің бірі.

## Жауапкершілік жүгі

Таныстыру жұмыстары одан әрі уақытша ұстау изоляторы мен қабылдау-бөлу пунктінің қызметі туралы ақпаратпен жалғасты. Бұл нысандардың әрқайсысы құқық қорғау жүйесінде өзіндік орны бар режимдік мекемелер. Сондықтан, мұндағы түсіндіру жұмыстары белгіленген тәртіп аясында жүргізілді.

– Бұл жерде ең маңыздысы – шараның қорқытуға емес, сақтандыруға құрылуы. Прокуратураның бастамасы да осыған саяды. Жасөспірім заңды бұзбай тұрып, оның салдарын білсін. Қателік жасамай тұрып, жауапкершілікті сезінсін. Құқық қорғау органдарын тек жазалаушы құрылым емес, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ашық жүйе ретінде танысын, – деді Гүлсара Серікқызы.

Жасөспірімдер үшін мұндай өңгіменің әсері бөлек. Кейде бір сәттік қызбалық, ойланбай жасалған әрекет, орта ықпалы немесе заңды білмеу адамды күрделі жағдайға душар етуі ықтимал. Іс-шараға қатысқан Ж.Буменов атындағы Қарағанды банк колледжінің студенті Ринат Жантөре де осы ойды қуаттады.

• ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

## Талап та, бақылау да күшейтілді

Жол қозғалысы қауіпсіздігін күшейту мақсатында полицияның арнайы мотопатрульдері жұмысын бастады. Жаз маусымында қала көшелерінде мотокөліктер саны артып, жол ережесін бұзу деректері жиілеген. Осыған байланысты тәртіп сақшылары жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы бақылауды күшейтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Polisia.kz ақпараттық медиа-порталының хабарлауынша, жаңа бастама жол қозғалысы қауіпсіздігін нығайтуға, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және мотокөлік жүргізушілері арасындағы тәртіпті күшейтуге бағытталған.

Мотопатрульдердің басты артықшылығы – мобильділік пен жеделдік. Олар тек қаланың орталық көшелерінде ғана емес, жеңіл автокөлікпен жету қиын саяжай аумақтарында және қозғалысы күрделі учаскелерде де қоғамдық тәртіпті қадағалайды. Бұл тәртіп сақшыларына құқық бұзушылықтарға дер кезінде әрекет етуге және қауіпті жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді.

– Өкінішке қарай, жол қозғалысы ережелерін сақтамаудың соңы кей жағдайда орны толмас қайғыға әкеледі. Әсіресе, мотокөлік жүргізушілері үшін қауіп жоғары. Себебі, мотоцикл мен мопед жүргізушілері жол-көлік оқиғасы кезінде қорғанысы аз қатысушылардың қатарына жатады. Жақында ғана Ақдәуір кентінде екі мотокөлік соқтығысып, салдарынан екі адам қаза тапты. Бұл – жолдағы жауапсыздықтың қандай ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін екенін көрсететін нақты мысал. Сондықтан, мотопатрульдердің жұмысы бүгінгі таңда аса қажет. Олар жолдағы құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтап қана қоймай, қайғылы оқиғалардың алдын алуға да мүмкіндік береді, – деді облыстың полиция департаменті бастығының орынбасары Жасқайрат Қайыров.

Мәліметке сүйенсек, тек өткен демалыс күндері облыс аумағында мотокөлік жүргізушілері тарапынан 38 жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі тіркелген. Олардың арасында мас күйінде көлік басқарғандар да бар. Атап айтқанда, жеті жүргізуші масан күйде мотоцикл тізіндегені үшін ұсталды. Бұқар жырау ауданында мас күйінде көлік басқарған 33 жастағы азамат сот шешімімен 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Рейд барысында ереже бұзған 30-ға жуық мотокөлік арнайы айыптураққа қойылды.

Тәртіп сақшылары жол қозғалысына қатысушылардың барлығын қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Мамандардың айтуынша, жылдамдықты асыру, жол ережесін елемей және мас күйінде көлік басқару тек жүргізушінің өз өміріне ғана емес, өзгелердің қауіпсіздігіне де тікелей қауіп төндірді.

Сонымен қатар, полиция қызметкерлері мұндай шаралар тек жазалау мақсатында емес, ең алдымен, жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүргізілетінін атап өтті. Рейд барысында анықталған әрбір құқық бұзушылық қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес қаралып, жүргізушілерге әкімшілік жауапкершілік шаралары заң аясында қолданылады.

• АКЦИЯ

## Құқықтық көмек қолжетімді

Нұрдіос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды өңірінде бастау алған республикалық «Ашық есік күні» акциясы Балқаш қаласында да өз жалғасын тауып, тұрғындарға құқықтық тұрғыда нақты көмек көрсетілген мазмұнды шараға айналды. «JasSpace» орталығында ұйымдастырылған жынға 40-қа жуық қала тұрғыны қатысып, көкейдегі сауалдарына жауап алды.

Мұндағы негізгі мақсат – халықтың құқықтық сауатын арттыру, Қазақстан Республикасының Конституциясындағы жаңашылдықтарды түсіндіру және «Заң мен тәртіп» қағидатын кеңінен насихаттау. Бұл бағытта тұрғындарға тегін әрі білікті заң көмегін көрсету көзделген.

Акцияға құқық саласының әртүрлі бағыттағы тәжірибелі мамандары қатысып, азаматтарды жеке қабылдады. Атап айтқанда, Балқаш қаласының ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің бөлім басшысы, аға сот орындаушысы Құралай Шаймерденова, Қарағанды облысы атқарушылық округінің жеке

сот орындаушысы Жазыбек Келдібеков, нотариус Назым Шарипова, Балқаш қаласының прокуроры Жадра Жанатқызы, Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының адвокаты Нұрсұлу Жасымбекова және заң кеңесшісі Ангелина Вовк тұрғындарға құқықтық кеңес берді.

– Бүгінгі акция – тұрғындарға жақын болудың, олардың мәселесін тыңдап, нақты көмек көрсетудің тиімді алаңы. Көп жағдайда азаматтар өз құқықтарын толық білмегендіктен қиындықтарға тап болады. Осындай кездесулер арқылы біз құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, халықтың сенімін арттыруды көздей-

міз, – дейді Құралай Шаймерденова.

Қабылдауға келген азаматтар алимент өндіру, қарыз мәселелері, мұрагерлік, жылжымайтын мүлік, еңбек даулары және өзге де құқықтық сұрақтар бойынша кеңес алды. Көпшілігі күнделікті өмірде кездесетін заңдық кедергілерді шешудің нақты жолдарын біліп қайтты.

Шара барысында мамандар құқықтық көмектің қолжетімділігі мәселесіне де тоқталды. Бүгінде заңгерлік кеңестердің көпшілігі ақылы негізде көрсетілетінін ескерсек, мұндай акциялардың маңызы арта түспек.

– Азаматтар көбіне мұрагерлік, сенім-

хат рәсімдеу, келісімшарттарға қатысты сұрақтармен жүгінеді. Бүгінгі қабылдауда біз заң талаптарын қарапайым тілмен түсіндіріп, әр адамның жағдайына қарай нақты бағыт-бағдар беруге тырыстық. Мұндай ашық форматтағы кездесулер халық үшін өте тиімді, – деді Назым Шарипова.

Айта кету керек, бұл бастама – мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

БАЛҚАШ

• ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

# «Жұлдыз» жаққан жұлдыздар

Алты құрлық пен алты Алашты әбігерге салған пандемия кезінде тоқтап қалып, арада бірер жыл үзіліс болғаны болмаса, «Жұлдыз» эстрадалық ән орындаушылар конкурсы алғаш басталған сәттен-ақ жанды дауыста ән шырқайтын жас таланттардың ел көлеміндегі елеулі додасына айналғаны анық. Осы орайда жылдан-жылға қанаты кеңге жайылып, Қарағандының өз қолтаңбасымен, Арқа жұртының қошемет-қолпаштауымен талай жас таланттарға жұлдызды жол ашып келе жатқан «Жұлдыз» жобасының авторы және ұйымдастырушысы ретінде бірқатар ойларымды ортаға салсам деймін.



Қарағандыда ежелден дәстүрлі ән мектебі жақсы дамыған ғой, мысалы, Қазақстанда 40-50 дәстүрлі әнші болса, соның 25-і – Қарағандыда. Эстрадалық ән орындаушыларының өзгеше бір конкурсын өткізу туралы алғаш біз әнші Гүлмира Серікқызы, мен және Ержан Найманбаев, Айдос деген азамат «Неге бізде эстрада әншілерінің еш конкурсы жоқ, өзіміз қолға алып, ұйымдастырып көрмейміз бе?» деп ойға келдік. Содан біз ойластыра келе, сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының басшысы Рымбала Омарбековаға келіп, ұсыныс айттық.

«Апай, осылай да-осылай, Қарағандыда келесі жылға дайындалып, эстрада әншілерінің бір конкурсын өткізсек» дедік. Сонда апайдың айтқаны «Неге келесі жылы? Дайын болсаңдар биыл өткізіп жіберейік, ережесін, шарттарын, талаптарын дайындап алып келіңдер» деді. «Ұрыста тұрыс қол» деп, бастама мен идеямыз қолдау тапқан соң бірден іске кірісіп кеттік. Бұл 2008 жыл болатын.

Бірден республикалық конкурс болатындай етіп, апайдың өзі министрлікке барып, Ережесін бекітіп алып келді. «Жұлдыз» деп атын қойдық. Қазылар алқасында кімдер болуы керек, төрағасы кім болуы керек деген мәселеге біраз ойландық. Әрі-бері ойластыра келе, ҚР еңбек сіңірген артисі, Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясының эстрада-вокал кафедрасының меңгерушісі Люция Төлешева апайға бірауыздан тоқталдық. Содан тоғыз жыл қатарынан Люция Қажығалиқызы біздің конкурстың айнымас төрағасы болды. Өкінішке қарай, пандемия кезінде ол кісі өмірден өтіп кетті. Жаны жәннатта болсын дейміз сенді.

Бұл конкурстың орны да, рөлі де ерекше. Олай дейтініміз, біздің конкурс басталған кезде Қазақстанда біраз конкурстар болатын және олар дүрілдеп өтіп те жататын. Солардың арасында «Жұлдыз» конкурсы бірден ерекшеленіп шықты. «Жас қанат», «Шабыт», кейбір облыс орталықтарында басқа да үлкен-үлкен байқаулар өтетін. Бірақ «Жұлдыз» Люция Төлешеваның қазылар алқасында төраға болып отырғанының өзі конкурстың маңызын

да, деңгейін де арттыратын. Әр жылдары «Жұлдыз» конкурсының қазылар алқасының қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі әнші Сәкен Майғазиев, «Астана жұлдызы» ұлттық сыйлығының лауреаты, әнші Маржан Арапбаева және тағы да басқа танымал өнер жұлдыздары жас дарындардың өнерін бағалап, әділ бағасын беріп отырды.

Біздің еліміздегі халықаралық «Шабыт» фестивалі мен «Жұлдыз» республикалық конкурсының арасында он күн немесе екі аптадай ғана уақыт айырмашылығы болатын. Тіпті, кейбір жылдары, «Шабытта» бас жүлде, бірінші орын алғандар, біздің конкурстан дипломант та бола алмай қалатын жағдайлар болған. Конкурс алғашқы басталған жылдан-ақ өте әділ және кәсіби деңгейде өтетін бағыт алды да, сол биіктен ешқашан төмендеген жоқ. Талап қатал болды, мұнда жай ғана дәстүрлі эстрада емес, джаз, рок бағытындағы таза эстрада керек болды. Ал, ол дегеніңіз өте қиын, әншілердің бірден мұндай бағыттарды игеріп алып кетуінің өзі табиғи дауысқа қоса, талмас еңбек пен білім-білікті қажет етеді. Біздің конкурстан ұтқандардың көбі кейіннен шетелдерге барып, талай халықаралық додаларда жүлделі орындар алып келіп жүрді. Демек, «Жұлдыз» конкурсы олар үшін тәжірибе алу, шыңдалу мектебі болғанының белгісі. Бастысы Қазақстанды сыртқы елдерде таныту үшін жастарды тәрбиелеу деген ойымыздың жүзеге асқаны болды. Себебі біздің «Жұлдыздың» жеңімпаздарының көбісі шетелдердің басты байқауларының жүлделерін қанжығаларына байлай бастады. Мысалы, Әділхан Макин «Жұлдыз» байқауына қатысқанға дейін ешқандай бәйгеге қатыспаған, еш жерде жүлде алмаған әнші, «Жұлдыз-2018» конкурсында Бас жүлдені алғаннан кейін халықаралық «Славян базары» байқауына барып, Гран приді еншілеп келді.

Ербол Тәжібаев деген азамат өзіміздің қарағандылық, бірақ «Жұлдыз-2016» конкурсына Алматының атынан қатысып, бас жүлдені жеңіп алған соң Батырхан Шүкенов атындағы халықаралық бәйгеде бас жүлдені, одан кейін Лос Анжелесте эстрада

әншілерінің байқауында бас жүлдені тағы да жеңіп алды. Аламағұл деген қызымыз біздің конкурстан кейін «Славян базарында» бірінші орын алды, Бексұлтан Кенішқалиев, Бердібек Құлқараев деген ақталулық әнші бар, міне осылардың бәрі «Жұлдыздан» шыққан жұлдыздар. Өйткені, «Жұлдыз» конкурсының репертуары айрықша талғаммен жасалатын, олардың шетелге шығуларына көп көмек болды. Люция Қажығалиқызы «әу демеітін қазақ жоқ, екінің бірі ән айтады» деп, дәстүрлі эстраданы мүлде өткізбейтін, таза қазіргі эстрадада әлемге шыға алатын, деңгейі бар жастарды тәрбиелеу керек деп талап қоятын.

Қарағандыдан Аралым Жүкенова тағы екі азаматпен бірге трио болып қатысып, «Жұлдыздың» алғашқы жылдардағы бір конкурсының бас жүлдесін жеңіп алған. Сондай-ақ, Еркебұлан Еріков те «Жұлдыз» конкурсы лауреаттарының бірі.

Көптеген конкурстарда, мысалы Ескендір Хасанғалиев атындағы болса, тек сол композитордың әндерін, Кеңес Дүйсекеев болса, тек соның әндерін немесе Шәмшінің әндері деген шектеулер қойып тастайды. Ал, біз еркіндік береміз. Алдымен қазақша ән. Оны өзі таңдайды. «Халық әні ме, халық композиторының әні ме, бүгінгі әнімен бе? Еркі беледі» дейміз. Әлемдік хитті де өзі таңдайды. Оның жанры, тілі де таңдауында.

Бірінші ән не себепті қазақ тіліндегі ән болуы керек? Мұнда біз әншінің қазақ тілін бұрмаламай, «н» мен «к», «ғ» дыбыстарын анық айтуы сияқты әшейінде байқала бермейтін жайттарға, қазақы әріптердің дұрыс айтылуына айрықша мән береміз. Демек, ән

«Әншілердің кейбірі бәйге аттары сияқты репетицияда барлық қырын, мүмкіндігін жайып салып көрсете бермейді. Мен өзім ат баптап, бәйгеге қосып жүрген жан болғандықтан, бәйге аттарының осындай құпия-сырларын жақсы білемін.

сөзінің қазақы табиғаты бұзылмауына, ән сөзінде екінің бірі алдыңғы буын емес, соңғы буынға түсіріп айту тәрізді тіліміздің әуезділігі сақталып, мөлдір бұлақтай тоғіліп тұрғанын талап етеміз.

«Жұлдыз» республикалық эстрадалық ән орындаушылар байқауының негізгі талаптарының бірі конкурсқа қатысуға ниет білдіріп, өтініш берген талапкерлерді онлайн іріктеуден өткіземіз.

Жоғарыда айтқанымдай, «Жұлдыз» республикалық байқауына қатысушыларға ән таңдауда қатысты шектеу қойылмайды. Іріктеуден кейінгі екінші турда міндетті түрде қазақ әні болуы керек. Ол халық әні, қазіргі не кешегі өткен замандағы композиторлардың әндері де болуы мүмкін. Екінші әнге әлемдік хит әндерден таңдайды, кез келген шет тіліндегі ән қабылданады.

Биылғы XI «Жұлдыз-2026» республикалық эстрадалық ән орындаушылар конкурсына Астана мен Алматы, Шымкент қалаларынан бастап, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Жетісу, Түркістан, Атырау, Маңғыстау, Ұлытау, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарынан әдеттегідей барлығы 100-ге таяу өтініш қабылданып, 20 үміткер іріктелген болатын. Бір конкурсантымыз ауырып қалғандықтан келе алмады. Сонымен, барлығы 19 үміткер қатысты.

Жан-жақты іріктеуден өтіп,

биылғы «Славян базарына» Қазақстан атынан барып қатысатын мықты әншінің «Жұлдызда» жолы болмай қалды. Оған бірнеше себеп болды, бір жағы ауырып, тамағына суық тиіп қалды. Бір сөзбен айтқанда, Қарағандыда бағы жанбады. Мен бұл қызымыздың «Славян базарында» жеңіске жетуіне шын жүректен тілектеспін, солай боларына сенемін де. Өйткені, ол әбден шыңдалған, сахна мәдениетін меңгерген, талай байқауларда жеңіске жетіп, биіктен көрінген, былайша айтқанда шын талант.

Әншілердің кейбірі бәйге аттары сияқты репетицияда барлық қырын, мүмкіндігін жайып салып көрсете бермейді. Мен өзім ат баптап, бәйгеге қосып жүрген жан болғандықтан, бәйге аттарының осындай құпия-сырларын жақсы білемін. Міне, әншілердің де кейбірі дайындық кезінде, алдын ала іріктеу барысында бірден керемет болып көзге түспей, әншілік, орындаушылық қабілетін ашпай, қарапайым болып көрінуі мүмкін. Осы конкурста сондай жайтқа куә болдық. Дайындықта асқан дауысымен, орындаушылық мәнерімен таң қалдыра қоймаған үміткер конкурста кәдімгі арқасы бар бәйге аттарындай топтан оза шауып, үздік келді. Сөйтіп, біз мүлде жеңімпаз болады деп ойламаған, шырайлы Шымкент қаласынан келген Фариза Беймаханбет деген қыз бала Гран приді ұтып алды. «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» де-

ген осы болса керек.

Ал, бірінші орын алған астаналық азамат Айдар Жазықбаев алғашқы айтқан «Құсни-Қорлан» әнімен көп ұпай алып кетті. Шынын айту керек, көптеген жақсы әншілер қазақша ән айтудан сүрінеді. Ал, шетелдік хит әндер айтуға келгенде бәрі шабады.

Екінші орынды алматылық Камилла Талғатова иеленсе, үшінші орын Жетісу облысынан келген өнерпаз Ақжол Серікхановқа бұйырды. Тағы бір үшінші орынды өзіміздің Қарағанды облысынан Аяла Мұқышева алса, Люция Төлешева атындағы арнайы жүлде Солтүстік Қазақстан облысының өкілі Бүркіт Жанайға берілді.

Биыл негізі 18-ші республикалық конкурс болуы керек еді, пандемияда конкурс өтпей қалды да, бірер жыл үзіліс болды. Бір үзіліп қалған соң қайта орнына келтіру қиын ғой, бюджетін қарастыруымыз керек. Басқарма басшылары ауысып жатады, ол кезде де конкурстың мәні мен мағынасын дәлелдеп, мұндай конкурстың керек екеніне жаңа басшылықтың көзін жеткізуің қажет болады.

Аллаға шүкір, биыл облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы қолдап, қаражат бөлініп, «Жұлдыз-2026» республикалық конкурсын дүркіретіп өткіздік. Жеңімпаздарға берілген жүлде қоры да қоматты болды. Конкурс қатысушыларын бір күн бұрын күтіп алып, қонақ үйлерге жайғастырылған соң олардың бір-бірімен танысып, достық рәуіште араласуына бар жағдай жасап, мейрамханада күтеміз. Қаладағы мәдени-рухани орындарды аралап, аймақтың тарихы мен дәстүр-салтынан сусындатып алған соң ертесіне доданы бастап кетеміз. Жастар жанашырлық, қамқорлық деген қасиеттерді сезініп, киелі сахнаға қанаттанып шығады.

«Жұлдыз» эстрадалық әншілер конкурсының деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді, оның ел ішіндегі таланттарды танытатын кәсіби өнер алаңына айналып отыр. «Жұлдыздан» шыққан жұлдыздар шоғырының шабыты шалқып, даңқы арта берері сөзсіз. Сол жолдағы біздің мақсатты жұмысымыз да жалғаса береді. XII «Жұлдыз-2027» республикалық конкурсында төрт көзіміз түгел, амандықта кездескенше, ардақты ағайын!

**Саят ӘБДІҒАЛИ,**  
**әнші-композитор,**  
**«Жұлдыз»**  
**республикалық конкурсы**  
**жобасының авторы**

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• КЕШ

# Арқаның қоңыр үні

Кеншілер мәдениет сарайында қазақтың дәстүрлі ән өнерінің айбынын асқақтатқан, ұлттық рухты ұлықтаған тағылымы терең, мазмұны бай өнер кеші өтті. Республикалық ән байқауларының лауреаты Дулат Ахановтың «Аяулы мекенім» атты шығармашылық кеші Арқа ән мектебінің шоқтығын биіктетіп, көрерменнің көңіл көкжиегін кеңейткен ерекше рухани оқиға айналды.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш басталмай тұрып-ақ, зал ішін көмкерген ұлттық әуендер, сахна сыртынан оқылған көркем поэзия кештің шымылдығын сырлы сезіммен түріп, тыңдарманды бірден әуен құдіретіне бағындырды.

Сахна төріне хабарласыз шыққан кеш иесі Біржан салдың «Ақ серкеш» әнін асқақтата шырқап, көрермен жүрегін баурап алды. Бұл – нағыз кәсіби шеберлік пен табиғи дарынның тоғысы еді. Әншінің дауысындағы қоңыр бояу, кен тыныс, терең нәрмен бірігіп, әлемге жетелей жөнелді.

Алтын бесік Ақтоғай өңірінің тарихы мен тағылымы, Әсет, Манарбек, Шашу-



байдай саңлақтар түлеген қасиетті топырақтың бүгінгі заңды жалғасы ретінде Дулаттың өнер жолы айрықша аталып өтті. Әсіресе, әкесі Бегендік Ахановтың ұнтаспадан берілген әні көрерменге ерекше әсер қалдырды.

Кеш барысында қазақ классикалық ән өнерінің інжу-маржандары әуелді. Акан

серінің «Нәзікгүл», халық әндері «Екі жерен», «Алқоңыр», Жаяу Мұсаның «Сұрша қыз» секілді туындылары жаңаша тыныспен, терең сезіммен орындалды. Әр әнде Дулат Ахановтың орындаушылық шеберлігі мен әнге деген құрметі, мазмұнын жүрекпен жеткізе білу қабілеті анық аңғарылды.

Еліміздің әр өңірінен арнайы келген

республикалық байқаулардың лауреаттары Санат Исеев, Марат Әбугазы, Фархат Оразов өнер көрсетіп, ән шеруін жалғастырып, кештің көрігін қыздырды. Әсіресе, Марат Әбугазы орындаған күй қазақ музыкасының қос қанаты ән мен күйдің үндестігін айқын көрсетті.

Ал, айтыс өнерінің әкберіні, «Алтын домбыра» иегері Максат Ахановтың арнауы кештің рухани салмағын арттыра түсті. Ағалы-інілі өнер иелерінің арасындағы сыйластық пен шығармашылық үндестік көрермен көңілін ерекше толқытты.

Кеш барысында Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрі сүйемелдеуімен орындалған шығармалар кешке симфониялық кең тыныс берді. Құрманғазының «Серпер» күйі, Дулат Ахановтың орындауындағы «Сағыныш екен бала кез», «Сағыныш сазы» әндері көрерменнің жан дүниесін тербеп, сағыныш пен сүйіспеншіліктің нәзік нұрларын жеткізді.

Кештің ең әсерлі тұстарының бірі – анаға деген құрмет сәті болды. Кеш иесі Роза Анасының құрметіне «Асыл ана» әнін орындап, шынайы алғыс пен перзенттік махаббаттың көрінісін көрсетті. Жары Алма мен қыздарына арналған ән де отбасы құндылығын паш етті.

Кештің мәртебесін арттырған тағы бір маңызды сәт – Қазақстанның халық әртісі

Рамазан Стамғазиевтің сахнаға шығуы болды. Ұстаз бен шәкірттің арасындағы рухани байланыс, өнерге деген ортақ адалдық көрерменге ерекше әсер сыйлады. Одан бөлек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқеновпен бірге орындалған Лия Жақановтың «Даниярдың әні» – кештің шарықтау шегіндегі көркем дуэттердің бірі болды.

Өз кезегінде, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Айжан Шақенова кеш иесін құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. Басқарма басшысының Алғыс хатын табыстады.

Ал, «Әлтеке Жидебай батыр» қоғамдық қорының президенті Бақытжан Әрінов ел азаматтары атынан ізгі лебізін білдіріп, қаржылай сыйлық табыстаса, Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Айдос Кәрігүлді аудан әкімінің Құрмет грамотасын табыстап, әншінің нығына шапан жапты.

Кеш Кенжебек Күмісбекөвтің «Аяулы менің мекенім» әнімен түйінделді. Бұл ән кештің идеялық өзегін айқындаған, туған жерге деген шексіз махаббатты паш еткен туынды еді.

Сурет облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының баспасөз қызметінен

• ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ӘРТІСІ ҚАЙНЫКЕН ӘЛІМБАЕВАНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

## Жүректе қалған жарқын бейне

Ұлтымыздың мақтанышы, Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Бибігүл Төлегенова 90 жылдық мерейтойында Қарағанды өңіріндегі өнер және мәдениет қызметкерлерімен кездесуінде:

«Сіз театрда істеймін дедіңіз ғой, сіздерде 1956 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық жастар мен студенттер фестивалінде керемет әнімен тамсандырып, лауреат атанып, күміс медаль алған әртіс болып еді», – деген еді. Мен ол кісіні жақсы білетінмін, бірге қызмет істегенімді, өкінішке қарай, ол кісінің өмірден озып кеткенін айтқанымда бетін сипап:

«Топырағы торқа болсын, жақсы әнші еді. Бір келгенімде кездескенімде театрда істейтінін айтқан еді. Мен филармониядан бекер кеткенсіз, драма даусыңызды жеп қояды ғой деп ескерткен едім. Фестивальда Қазақстаннан барған қатысушылар бір-бірімізді қолдап, шымылдықтың сыртынан жанашыр болып, тыңдап тұрамыз. Арай Манарбек Ержановтың «Қуанамын» әнін айтқанда, ешқандай да арнайы кәсіби оқу орнын бітірмеген әншінің, Европада, Украина, Белоруссия, Балтық жағалауы елдерінің әншілерінен артық орындамаса, кем түспей шықпағанда өз шежіресі қуандық. Шетелдіктер «Консерватория бітірген шығар», – деп, қазақ қызының талантын мойындап, таң қалғанын көзімізбен көрдік. «Міне, табиғи талант! Ал, консерватория бітірсе қандай болар еді?!» – деп, сол шақтағы әсерін таңқалыспен мақтана жеткізген еді.

Шіркін, шын таланттар Хантәңіріндегі биік тұратыны рас екен. Өнер адамдарының арасында Бибігүл апайдың талантын айтпағанда, адамгершілік қасиеті туралы көп еститімін. Өзінің даңқы жер жарып тұрса да, құрбысының табиғи талантының толық танымай қалғанына өкініш білдіру тек жаны ғана, өнерді шексіз сүйетін дарындардан шықса керек.

Сөйтіп дара шапайды, басекелесе, жарыса шабады!

Бибігүл апайдың іздеп, сұрастырып отырғаны сонау өнер табалдырғының қайнар бастауында әншілік өнерді бірге бастаған Одақтық фестивалдағы тұңғыш лауреат, Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының әртісі, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, бірнеше медальдардың иегері, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген әртісі Қайныкен Әлімбаева болатын.

Қайныкен Әлімбаева – 1926 жылы Арқаның алтын тәжі аталған Қарқаралы ауданының Тегісілдік ауылында дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келіп, бастауыш класты ауылда оқып, соғыстың қайнаған шағында тұрмыстың қиындығынан отбасымен өндірісті Қарағандыға көшіп келіп, оқуын Жамбыл Жабаев атындағы мектепте жалғастырды.

Мектепке жақын орналасқан қазақ театрына Украинаның Леси Украинка театры көшіп келіп, жұмыс жасап жатқан кез. Оқушы Қайныкен сабаққа бара жатып та, келе жатып, ашық терезеден жүрегіне жылы тиген музыканы елітіп тыңдап, талай рет, әсіресе, музыкалық спектакльдердің әндерін жаттап алып әртістерше орындап жүреді. «Қыз Жібектің» «Гәк-куін» Жәмила апасы секілді бірде көңілді, бірде күңірене шырқап, кластастарын таң қалдырады. Мектеп қабырғасында өмірде ұялшақ, өте сыпайы, ерекше көзге түсер аккудың көгілдіріндей көркем болғанымен, жұрт алдында тым ұяң болатын. Бойындағы өнерін көрсетуге келгенде именіп, тек хорда ғана топшен ән салатын.

Көркем өнерпаздар үйірмесіне ұдайы қатысып жүріп, концертке шығарда халық әні «Шилі өзенді» айтатын қыз балаға майдандағы әкесінің қаза тапқаны туралы қара қағаз келіп, қатынаса алмай қалғанда орнына кластасы Қайныкенді шығарады. Бойындағы буырқанған талант қаншама қысылса да, сахнаға шыққанда көзі ашылған бұлақтың мөлдір құярындай жарқ етіп, тыңдармандарды, әсіресе, ұстаздары мен мектептегі кластастарын таң қалдырады. Көз жанары күлімдеп, сұлу жүзі бұрынғыдан бетер нұрлана түсті, өзі де көктем күнінің шуағына бөленіп, бойындағы асыл өнердің тиегін ағытқанына масайрап, қуанышқа кенелді. Сол шақтан бастап, мектебінің мақтанышына айналды. «Біздің Күләш, болашақ әншіміз!» деп, концерттерден қалдырмай, ұдайы алдыңғы қатарда жүреді.

Мектепті бітіре сала филармонияға әнші болып, жұмысқа орналасады. Соғыстан кейінгі кеншілер қаласының ауыр өндірісін, құрылыс-экономикасын, мәдениет саласын көтеруге жан-жақтан жастар келе бастайды. Күндіз-түні қайнаған жұмысқа өнер адамдары да белсене араласады. Күндіз жұмыс орындарына: шахта, құрылыс, заводтарға барып концерт беріп, кешке клубтарда ән салып, би билеп, соғыстан кейінгі қалжыраған халықтың көңілін көтеріп, жан жарасын жеңілдетуге үздіксіз қызмет көрсетеді. Жас талант Қайныкен сахнаға шыққанда көрермендер ерекше құшыныспен қарсы алып, сахнадан жібермей қояды. Халық әндерімен қоса сол кездің «Синий платочек», «Ах, Самара городок!», «Тос, мені тос!» әндерін қайта-қайта айтқызып, шерлері тарқағанша тыңдай беретін. Қайныкен шаршамай, тыңдармандарының көңілін қимай, ән салудан жалықпайтын. Жазда колхоз-совхоздарды аралап, тоқ басында, егіс даласында да, түнде трактор-машина жарығымен концерт қойып, тынымсыз еңбек етеді. Соның нәтижесінде «Тың және тынайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталған.

Бірде театрда қойылған мерекелік концерттердің бірінде ән салған жас әнші Қайныкен Әлімбаеваны көрген театрдың белді әртістері Жәмила Шашкина, Мұздыбек Әбдікәрімов, Зейнолла Жақыповтар өнеріне ерекше қызығып, театрға келуге қолқа салады. Жас әнші әктерілік шеберлігінің жоқ екенін, әншіліктен жастар мен студенттердің фестиваліне баратынын айтты, көнбейді. Жәмила апасы:

«Қыз Жібекті ойнайтын өзіндей әдемі әнші қыз керек екенін, театрда да оркестр бар екенін, өзінің Жібек роліне дайындалуының» айтты сөзін береді. Зейнолла ағасы: «Мәскеуге жібереміз. Бізде де жақсы концертмейстер бар» деп, үгіттеп қоймайды.



Сөйтіп, енді ғана әнші әртіс болып танылып келе жатқан Қайныкен Әлімбаева 1956 жылы театр табалдырығын атап, ұлттық сахна өнерінің төріне қадам басты. Алғашқы ойнаған Қыз Жібегімен-ақ театр сахнасына әні де, сәні де, іс-қимыл әрекеті де, ішкі жан-дүниесімен қабысқан өміршең дарын несінің келгенін мойындап, көрермен көзайымына айналды. Сол жылы күзде Москва қаласында өткен Одақ жастары мен студенттерінің фестивалінде күміс жүлде алып, Қарағанды театрынан шыққан тұңғыш лауреат атанып, Қазақ елінің абыройын асқақтатып, үлкен марапатпен оралды. Ұлы композитор П.Чайковский атап көрсеткендей: «Зор талант еңбек сүйіштікті қажет етеді». Қайныкен Әлімбаева жеткен жетістігіне масаттанбай, әрі қарай өрлеуге, жаңа биіктерді бағындыруға күш салады. Еншісіне тиген жаңа кейіпкерлерді бір-біріне ұқсатпай, мінез-құлқытарын айшықтап, ішкі жан дүниесі мен ойлау қасиеттерін де жаңаша тауып, көрерменге жеткізіп отырды.

1958 жылы Қазақстан Мәдениет министрлігінің шақыруымен Алматыдағы хор капелласымен жеке дауыста ән шырқауға Москва қаласында өтетін онкүндікке шақырылады. Онкүндікте өте жоғары дәрежеде көрсеткен еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Қазақ арулары Баян, Ақтоқты, Айман, Еңлік, Құртқа, Зәуреш, Шұға бейнелері Әлімбаеваның сомдауында ешкімге ұқсмайтын өзіне тән шеберлікпен театр тарихында қатталып қалды.

Театрдың 30 жылдық мерейлі тойы қарсаңында 1962 жылы сол кездегі астана Алматы қаласында өткен есеп беру сәпары кезінде М.Әуезовтің «Қара қыпшақ Қобыланды» тарихи драмасында Құртқа, Ж.Сарсеков пен З.Жақыповтың «Бағалар мен балдыздар» комедиясында Рәзия, «Зәуреш» драмасында Зәуреш, Файзидің «Ғалиябану» музыкалық драмасында Ғалиябану рөлдерін сомдаған Қайныкен Әлімбаеваның шеберлігіне Алматылық көрермен ғана емес, кәсіби театр сыншылары да зор баға береді. Әсіресе, Асқар

Токпанов, Бағыбек Құндақбаев, Қажығұмар Қуандықовтар актрисаның табиғи таланты мен шеберлігіне, әр кейіпкерді автордың ойлағанындай дәл сомдай білгендігіне ерекше мән беріп, жоғары бағалайды. Сол сапардағы еңбегі зор бағаланып, «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағына ие болады.

Талантын шындай түскен актриса енді әр түрлі мінезді (характерный) рөлдерді сомдауға бет бұрады. Николай Гогольдің «Ревизорындағы» ұшқалақ мінезді Анна Андреевна, Александр Островскийдің «Найзағай» драмасындағы Кабаниха, Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұсасындағы» тәкаппар да ызғарлы Әңке, Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» драмасындағы екі жүзді, Алтынайды өз пайдасы үшін Итемген байға тоқалдыққа азғырып, көнбесе де күштеп беріп жіберетін Қара қатын образдары шын мәнінде актерлік шеберліктің биік жетістіктерінің бірі, әр актерге үйренерлік мектеп. Алаймыз ешқандай да кәсіби мамандық мектебінде оқымада да, табиғи талантын режиссердің талабы мен шешіміне (концепциясына) сай өрбітіп, ұлы актерлердің образ сомдауға естеліктерін көп оқып, ізденістерінің арқасында қол жеткізді.

Жады мықты, тез жаттап алып, іс-әрекет арқылы кейіпкерінің ішкі-сыртқы бейнесін іздеп, режиссердің ескертпелерін тыңдай отырып, жеңіске жететін еңбеккер актриса. Сахнадағы өмірінде трагедия, комедия жанрындағы 120-дан астам кейіпкерді сомдап, дәйім көрерменнің көңілінен шықты. Комедиялық спектакльдерде Есенжол Домбаевтың «Біздің ауылда қызықтар бола береді» комедиясындағы Салиха, Жұмағали Сарсеков пен Зейнолла Жақыповтың «Бағалар мен балдыздар» комедиясындағы Рәзия образдары бүгінгі күннің ашы шыңдығын көрсететін, бір-біріне айдап салып, болмағанды болғандай етіп айтатын, ауылдағы сыпсың өсектің өкілі Салиха болса, қаладағы қоймандан танысы арқылы арзан алған дүниелерін қымбатқа сатып, байып жүрген Рәзияларды көріп күліп отырып, терең ойға кетесін. Күнделікті өмірде сондай кейіпкерлердің көбейіп бара жатқанын байқап налысың, сәктанасың, жиіркенесің. Актерлік шеберліктің ой салған биік деңгейін көріп қуанасың.

Қайныкен апайымыз кемелденген шағында ойнаған аналар бейнесі нағыз актерлер шеберлігінің шыны дер едім. Алтынаш Жәғанованың «Бәрі де анандан басталады» драмасында Апа, Александр Афиногеновтың «Ана жүрегі» драмасындағы Ана, әсіресе, Сәкен Жүнісовтің «Ажал мен Ажар» драмасындағы Ажар образы көп актрисаларға актерлік шеберліктің эталоны болары сөзсіз.

Мен өзім Ажардың ұлы Олжабайды бірге ойнадым. Сонда Олжабайдың ауыл балаларынан таяқ жеп, анасына келетін жері бар: «Ажар, айтшы, менің әкем бар ма?» – деп, намыстан жарыла сұрағанда: «Сенің әкең бар. Өне тұрған Бөпіш» деп, Бөпішке көзімен жалынышты кейіпте «өтірігімді шығарма» дегендей сұраулы көзімен қараған тұсы ғажап еді. Аяқ астынан көкейкесті арманы орындалғанына аң-таң болған Бөпіш (М.Әбдікәрімов)

жүрек түбіндегі аңсарын Ажардың өзі айтқанына қуанып: «Иә, мен, мен сенің әкең», – деп, құшақтай алғанда, екі шебер актердің ортасында қалған мен еріксіз солардың жан дүниесі мен күйзелісіне ұйып, ағын суға аққан томардай ілесем кеттім.

Режиссер Жақып Омаровтың актерлерге көп айтатын мәтелі: «Ойсыздан өнер шықпайды» дейтін. Шындығында да мен кішкентай таланттымы Қайныкен апа секілді сахна шеберлерінің ізденісін, ойынын, адал мінезін, кішіпейілдік пен инабаттылық көріп бойыма сіңіруге тырысып бақтым. Сол аға-апарлар берген ақ батасымен сахнада әлі ойнап келемін.

1972 жылы Москвада өткен кәсіподақтың XV съезіне делегат болып қатысып келген Қайныкен Әлімбаева қаншама кейіпкерлерді сомдап, жұмысбақты болып жүрсе де, театрдың қоғамдық жұмысынан тыс қалған емес, көп жылдар бойы театр кәсіподағының төрағасы болды. Ол кезде кәсіподақ ұйымы арқылы үй кезегіне тұратынбыз.

1972 жылы театр студиясын бітіріп келген жас актерлерге қазіргі Нұркен Әбдіров көшесіндегі «1000 ұсақ-түйек» ғимаратынан алты үй, келесі жылы Оңтүстік-Шығыстан төрт бөлмелі үш үй, маған Бейбітшілік гүлзарынан екі бөлмелі үй алып бергенін қалай ұмытпайық. Жастарға деген қамқорлығы нағыз Ананың баласына деген қамқорлығындай еді-ау, аяулы Қайныкен апамыздың! Бүгінгі театрда жемісті еңбек етіп жүрген Нұржібек, Шайза, Зылиха, Қарлығаштардың басқа театрларға ауысып кеткен Гүлсара, Күлзия, Роза, Сапа, Қарлығаштар өнер жолындағы тағдырына алғашқы жол көрсетіп, ақылдан айтып, қамқорлық жасағанына қуә болдық. Зейнеткерлікке шығып, денсаулығы сыр беріп, үйде отырып қалғанда да жолдасы Ерғали ағамыз арқылы сәлем айтып, премьера уақытында телефонмен құттықтап, тіпті, туған күндерімізді де ұмытпай, ақ батасын беріп отыратын. Кішіпейілдік пен адамгершілік жағынан алдына адам салмайтын озық жан еді. Өмірден өтсе де, өнегесі әлі күнге дейін театр тарихында қатталып, Көзін көріп шапағатын көрген әріптестері әрдайым, сағыныспен еске алады. Тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды.

Қарағанды өнері мен мәдениетінің елімізге танымал, көрнекті тұлғалары облысымыздың руханиятын әлемге паш етіп туған жерінде мәңгілікке қалған Қазақстанның халық әртістері Жәмила Шашкина, Қарғаш Сатаев, Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Рамазан Баймағанбетов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов, осы мақалаға арқау болып отырған Одақ бойынша қарағандылық тұңғыш лауреат, күміс медальдың иегері Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қайныкен Әлімбаеваға көше берсе, ұлттық руханиятқа деген шексіз қамқорлықтың бірі болар еді. Жаңа Қазақстан құрып жатқан еліміздің болашақ ұрпағына үлгілі насихат болары сөзсіз.

Кенес ЖҰМАБЕКОВ,  
Қазақстанның Халық әртісі,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

• ЖОБА

## Тіл менгерудің мүмкіндіктері

Қарағанды облысында ересектерге арналған мемлекеттік тілді тегін оқыту курстарының алғашқы кезеңі сәтті аяқталды. Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ұйымдастырған бұл жоба үш ай бойы жалғасып, жүздеген тұрғынның қазақ тілін менгеруіне жол ашты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Курс барысында тыңдаушылар теориялық білімнен қатар, практикалық дағдыларын да жетілдіріп, қорытынды емтихан тапсыру кезеңіне өтті. Бағдарлама қазақ тілін күнделікті өмірде еркін қолдануға бағытталып, оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым қабілеттерін кешенді дамытуға басымдық берді. Сонымен бірге, заманауи әдістемелер мен цифрлық құралдар кеңінен қолданылып, тіл үйрену үдерісі барынша тиімді ұйымдастырылды. Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі үлесін арттыру мәселесі өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Сарапшылардың пікірінше, қазақ тіліндегі цифрлық контенттің үлесі әлі де жеткіліксіз. Осы тұрғыда өңірлерде жүзеге асырылып жатқан мұндай жобалар тілдің тек тұрмыстық емес, технологиялық және кәсіби салада да кеңінен қолданылуына жол ашады.

– Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы былтырдан бастап бірқатар тың жобаларды жүзеге асырып келе жатыр. Оның ішінде, былтыр ауқымды шара ретінде «Тұлпар мінші ту алған» жобасын айтуымызға болады. Былтырғы тағы бір тың жоба республика көлеміндегі «Сөзжасам» өнеркәсіп саласындағы аудармасы жоқ сөздерді жинақтап, терминком арқылы қолданысқа енгізу мақсатында жүзеге асырылды. Биыл да басқарма тарапынан үлкен жобаны қолға алып отырмыз, бұл «DigitalKZ» хақатон жобаның негізгі мақсаты – қазақ тілін цифрлық ортада дамыту, инновациялық IT өнімдерді әзірлеу сол арқылы жастарды тарту. Бұл негізгі жобаға 18-35 жас аралығындағы дизайнер, IT мамандарын студенттерді, цифрлық өнімдерді жасауға қызығушылығы бар өзге де азаматтар қатыса алады. «Хақатон» қорытындысы бойынша үздік жобалар ақшалай жүлде қорларымен марапатталатын болады. Сондай-ақ, биыл «сауатты жарнама – сапалы қызмет» әлеуметтік жобасын жалғастырып келе жатырмыз. Бұл жоба бірнеше

жылдан бері іске асырылып келеді. Осы жоба арқылы Қарағанды қаласындағы мемлекеттік қызмет көрсету саласына, орта және шағын бизнес өкілдеріне мемлекеттік тілдің дұрыс қолданылуы, жарнама мәтінінің дұрыс жазылуы бойынша әдістемелік көмек көрсетіледі, – деді облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың тілдерді дамыту, сараптама және ономастикалық жұмыстар бөлімінің басшысы Гаухар Темірғалиева.



Айта кету керек, «Digital KZ» хақатоны 2026 жылдың 4-7 маусым аралығында өткізіліп, қатысушылар бірнеше күн ішінде нақты IT өнімдерді әзірлейді. Жүлде қоры да қомақты: бірінші орын – 1 000

000 теңге, екінші орын – 500 000 теңге, үшінші орын – 250 000 теңге. Сонымен қатар, «Сауатты жарнама – сапалы қызмет» жобасы аясында кәсіпкерлерге тегін тілдік және құқықтық кеңес беріліп, жарнама мәтіндерінің заң талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Жоба барысында жүздеген нысанға мониторинг жүргізіліп, анықталған қателер түзетілді.

Аталған курсқа түрлі сала өкілдері мен мемлекеттік қызметшілер қатысып, өздерінің тілдік құзыретін арттыруға мүмкіндік алды. Бұл бастама мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, қоғамдағы маңызын арттыруға бағытталған.

Оқу аптасына үш рет өткізіліп, жалпы көлемі 72 академиялық сағатты қамтыды. Бұдан бөлек, сөйлеу дағдыларын жетілдіру мақсатында 28 сағаттық арнайы сойлеу клубтары ұйымдастырылды. Осылайша, курс бағдарламасының жалпы ұзақтығы 100 академиялық сағатқа жетті. Сабақтар Қарағанды қаласындағы бірнеше оқу алаңында өтті. Биылғы 930 адамды оқыту жоспарланып отыр, қазір бірінші кезең аяқталып қалды. Бірінші кезең ақпан, наурыз, сәуір айын қамтиды. Келесі аптада емтихан аяқталғаннан кейін қатысушыларға сертификат табыстаймыз. Биылғы оқу жылының ерекшелігі жеке тұлғалардан сұраныстың жоғары болуы. 72 сағаттық оқудың 100 пайызына қатысқан қатысушы ғана емтиханға жіберіледі, – деді облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Алмагүл Игенова.

Бағдарлама А1-ден С1 деңгейіне дейінгі сатыларды қамтып, әр тыңдаушының тіл менгеру деңгейіне сәйкес білім алуына жағдай жасайды. Курсты толық аяқтаған қатысушылар қорытынды емтихан нәтижесіне сәйкес арнайы сертификат алады. Қарағанды қаласы бойынша I кезеңде 369 адам мемлекеттік тілді оқыту курсына қатысып, бүгінде білімдерін саралайтын қорытынды сынақтан өтуде. Бұл көрсеткіш өңірде мемлекет-

тік тілге деген қызығушылықтың жоғары екенін айқын көрсетеді. «Сөзжасам» жобасы аясында өндіріс және технология салаларында қолданылатын қазақша баламасы жоқ терминдерді жүйелеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба барысында кемінде 150 жаңа термин әзірленіп, оларды қолданысқа енгізу жоспарланып отыр.

Курсқа қатысушылардың қатарында түрлі ұлт өкілдері мен зейнеткерлер де бар. Олар мемлекеттік тілді менгеруге деген қызығушылықтың жоғары екенін көрсетіп, жобаның қолжетімділігі мен тиімділігін атап өтті.

– Мен зейнеткермін, ұлтым белорусы. Осындай тегін қазақ тілі курстарына көп рақмет, маған ұнады. Біз жаңа оқулықпен оқыдық, кітап өте қызықты және оңай. Қазір қазақ тілін түсінемін және сөйлей аламын, – деді Галина Сокольева.

Жалпы, Қарағанды облысында жүзеге асырылып жатқан бұл бастамалар мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп қана қоймай, оның заманауи қоғамдағы ролін күшейтуге бағытталған жүйелі жұмыстардың бір бөлігіне айналып отыр. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің болашақта толыққанды цифрлық және кәсіби коммуникация тіліне айналуына негіз қалайды.

Суретті түсірген автор

Құттықтау

Ардақты Ана, асыл Әже, баба Әже Сәкен Қатыбекқызы АСЫЛБЕКОВА! Көктемнің ең сұлу, мамыражай айы, мамыр айының 5-ші жұлдызында торқалы 90 жасқа толып, ғасыр жасқа қалам басып отыр.



Сізді 90 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Токсан жас – жай ғана сан емес, бұл – тұтас бір дәуір, ғасыр басы, даналықтың шыңы, өмірдің терең мәнін ұқсырған қасиетті белес.

Сіз осы ұзақ ғұмырыңызда қаншама қиындықты еңсеріп, қуанышты да, сынақты да сабырмен қарсы алып, бүгінде үлкен әулеттің ақылшысы, тірегі, жүрегі болып отырсыз.

Сіздің өмір жолыңыз – біз үшін үлкен мектеп. Сізден көрген мейірім, төзім, еңбекқорлық пен адалдық – біздің өмірлік бағдарымыз. Әрбір ақылшыңыз, әрбір жылы сөзіңіз жанымызға демеу, жүрегімізге қуат береді.

Сіздей асыл ананың тәрбиесін алғанмыз – біз үшін үлкен бақыт әрі мақтаныш.

Сіз – шаңырақтың шырағы, ұрпақтың ұйытқысы, береке мен бірліктің бастауысыз. Немере, шөбере, шөпшектеріңіздің ортасында күлімдеп отырғаныңыз – біз үшін ең үлкен байлық. Сіздің ақ жаулығыңыздың астында қаншама мейірім, қаншама жылулық жатыр десеніші!

Алла сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін, әр күніңіз шаттыққа, әр таңыңыз қуанышқа толы болсын! Бізге әлі талай жыл ақ батаңызды беріп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз!

Мерейтойыңыз құтты болсын, ардақты ана! Асыл әже! Сізді шексіз жақсы көреміз!

Токсан жас – тұғырлы бір биігіңіз, Ғасырдың шежіресін жиыңыз сіз. Өмірдің ақ пен кара жолдарына, Сабырмен сүрінбестен сыйыңыз сіз.

Анашым, асыл жансыз, дара тұлға, Мейірім төгілетін жылы нұрға. Ақыл – бізге мәңгі бағыт-бағдар, Жүрегің – шуағы мол алтын арна.

Әулеттің шырағы боп жарқырадың, Береке, бірлік бізге танытқаның. Немере, шөберенің ортасында, Бақыттың базарына шарықтадың.

Тілейміз ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, Кетпесін көңіліңнен шаттық, саулық. Жүзге жет, аман жүріп ортамызда, Болсын тек өміріңіз шаттық-саулық!

Тілек білдіруші: Қалияқасовтар әулеті

№153

Балаларға үміт сыйлады



Өңірде есту қабілеті бұзылған балаларға арналған бірегей кохлеарлық имплантация бағыты жаңа деңгейге көтерілді. Енді күрделі операциялар мен отадан кейінгі реабилитациялық шаралар жергілікті аурухана базасында жүргізіле бастады. Бұл жанашырлық есту қабілеті ауыр зақымдалған балалардың сөйлеуді меңгеруі, сапалы білім алуына және әлеуметтік ортаға еркін араласуына берілген басты кепіл.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бытлар желтоқсан айында өңірде балаға алғаш рет кохлеарлық имплантация арқылы есту қабілетін қалпына келтіруге бағытталған күрделі операция жасалды. Бұл үшін өңірде қажетті клиникалық база қалыптастырылып, заманауи медициналық жабдықтар, оның ішінде, хирургиялық микроскоп пен имплант орнату жүйесі сатып алынды. Сонымен қатар, жергілікті мамандар арнайы даярлықтан өтіп, шетелдік тәжірибені меңгерді.

Осы бастаманың жалғасы ретінде облыстың көпсалалы балалар ауруханасы базасында практикалық шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Қарағандылық дәрігерлер Астананың штаттан тыс бас балалар оториноларингологы Арман Әбілеумен бірлесіп, кохлеарлық имплантация бойынша екі операцияны сәтті жүзеге асырды. Медициналық көмек есту қабілеті ауыр дәрежеде зақымданған балаларға көрсетілді.

Кохлеарлық имплантация – ішкі құлақтың қызметі бұзылған немесе есту аппараттары көмектеспейтін науқастарға қолданылатын жоғары технологиялық медициналық әдіс. Ол дыбыстық сигналдарды электрлік импульстерге айналдырып, есту жүйесіне жеткізу арқылы адамның дыбысты қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл жолы Қарағандыда екінші шеберлік сабағын өткіздік. Операциялар сәтті өтті. Бір айдан кейін балаларға сөйлеу процессоры қосылып, содан соң ұзақ әрі жүйелі оңалту кезеңі басталады, – деді Арман Әбілеу.

Өңірде бұл бағыттың қарқынды дамуы өңір тұрғындарына сапалы әрі жоғары деңгейдегі медициналық көмекті өз аймағынан шықпай-ақ алуға мүмкіндік беріп отыр. Алдағы уақытта өңірде тағы бес осындай операция өткізу жоспарланады.

Клара Бапарқызы ҚАБДУАЛИЕВА

Ағымдағы жылдың 1 мамырында Абай ауданы әкімінің орынбасары Клара Бапарқызы Қабуалиева кенеттен қайтыс болды.



Өз өмірін туған жеріне және адамдарға қызмет етуге арнаған жан өмірден озды. Клара Бапарқызы 30 жылдан астам уақыт Абай ауданында мемлекеттік қызметте жұмыс істеді, өз ісіне және таңдаған жолына адал болды.

Ол сауатты, білікті басшы, білгір маман ретінде танымал болды, бірақ бәрінен бұрын – мейірімді, жанашыр және қарапайымдылығымен сыйлы еді. Ол әріптестеріне ықпалмен қолдау көрсетті және ең қиын сәттерде көмектесуге тырысты.

Әкімнің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары лауазымында Клара Бапарқызы ауданның әлеуметтік саласын дамытуға елеулі үлес қосты. Оны әріптестері құрметтеп, тұрғындар ашықтығы, әділдігі және адамдарға деген шынайы қамқорлығы үшін бағалады.


Клара Бапарқызының өмір жолы құрметке лайық, ол өзінің кәсіби тәжірибесімен және жұмысқа деген адал көзқарасымен жас мамандарға үлгі болды.

Ауыр және де орны толмас қазаға байланысты туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын!

Клара Бапарқызы туралы жарқын естелік біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Әріптестері мен ауданның жұртшылығы

№154



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

БАЙҚАУ

Тіл шебері бақ сынап...

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Тіл шебері» атты қалалық байқау өтті. «Шырақ» тілдерді оқыту орталығы ұйымдастырған сайысқа қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген 18-35 жас аралығындағы жастар қатысты.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға жалпы 21 өтінім түсіп, соның ішінде 10 қатысушы іріктелді. Үміткерлер үш кезең бойынша бақ сынап, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі білімін, сөйлеу мәдениетін, ой жүйелілігін және таным көзкіретін көрсетті.

Қазылар құрамы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің оқытушыларынан жасқалталып, оған университет оқытушысы, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Білім беру ісінің үздігі Жаңбырбай Қағазбаев төрағалық етті.

– Бұл байқаудың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін



арттыра отырып, көптілі, ойы озық, бәсекеге қабілетті жастарды қолдау. Өйткені, бүгінгі қоғамда тіл білу – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, елтанымның, білімнің, мәдениеттің және тұлғалық дамуының маңызды тетігі. Себебі, тіл – халықтарды жақындастыратын, мәдениеттерді табыстыратын, ортақ түсінік қалыптастыратын алтын көпір. Тіліміздің мәртебесін

аскақтата отырып, өзге тілдерді де жетік меңгерсек, бәсекеге қабілетті бола алатынымыз анық. Быыл 5 қыркүйек – Ахмет Байтұрсынұлының туған күні қарсаңында ауқымды деңгейде «Тілфест» фестивалі өткізілмек. Соған дейін ай сайын тұрақты түрде тілімізді дамытуға сеп болатын түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырамыз, – деді Қарағанды қаласының тілдерді дамыту,

дене тәрбиесі және спорт бөлімінің әдіскері Сәуле Нелдібаева.

Сайыстың алғашқы кезеңі «Сөзтаным». Бұл кезеңде қатысушылар экранда көрсетілген ұшықтардың бірін таңдап, берілген тұлға туралы қазақ тілінде ой қозғады.

Екінші кезең «Елтаным». Қатысушылар қазақтың киелі жерлері мен тарихи орындары тура-

лы орыс тілінде баяндады. Ал, үшінші кезең «Ойтаным» атауымен өтті. Мұнда қатысушылар ұлы тұлғалар, ұлттық аспаптар, ұлттық ойындар тақырыбында ағылшын тілінде сөйледі.

Байқау қорытындысы бойынша I орынды Азиза Құлметтепова иеленді. II орын Шұғыла Болатоваға бұйырды. Ал, III орынды Мөлдір Мартбек еншіледі. Сонымен қатар, Аяжан Мақанға, Гулназ Нұрғабденова және Мерей Жұмаділұлаға ынталандыру сыйлықтары берілді.

– Президентіміз өз сөзінде ел тұтқасын ұстайтын жастар бәсекеге қабілетті, жан-жақты болуы керек екенін жиі айтады. Осыны негізге ала отырып, өзімізді сынап көргім келді. Бүгін шынында да, қарым-қабілетімізді шындап, өзіміз білмейтін танымдық ақпарат пен тың мағлұматқа қанық болдық. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, тілдік дағдымызды жетілдіру арқылы әрқайсымыздың таным көзкіретін кеніе түседі, – деді жеңімпаз, ҚарҰЗУ-дың IV курс студенті Азиза Құлметтепова.

Суреттерді түсірген автор

ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кенесінің мүшесіне бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: 04.06.2026 жыл. Конкурс өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, Санаторная көшесі, 22 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық физиопульмонология орталығы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 41-76-36. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету, 3 бос орын.

2. Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 97 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Шахтинск қаласының орталық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(72156) 5-41-80. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету, 3 бос орын.

3. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті, Қазыбек би көшесі, 52 Б үйі, мекенжайы бойынша орналасқан «Бұқар жырау ауданының аудандық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 41-76-36. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету, 3 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кенесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімін, сондай-ақ, мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (не-

месе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Байқау кенесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

- соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
- бұрын сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- байқау кенесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетте баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап, күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталуы және сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орынының басшылығынан ұсыным) ұсына алады. Құжаттарды қабылдау күні 05.05.2026 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 04.06.2026 года. Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КТП «Областной центр физиопульмонологии» расположенное по адресу: Карагинская область, город Караганда, район Әлихан Бөкейхан, улица Санаторная, строение 22, контактный телефон 8(7212) 41-76-36. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

2. В КТП «Карагинский областной высший сестринский колледж» расположенное по адресу: Карагинская область, город Караганда, улица Чкалова, строение 9, контактный телефон 8(7212) 41-45-01. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

3. В КТП «Районная больница Бухар-жырауского района» расположенное по адресу: Карагинская область, Бухар-жырауский район, поселок Ботакара, улица Казыбек би, дом 52 Б, контактный телефон 8(72154) 21-5-57. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;
- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее трех лет;

– членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права. В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- являющееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
- ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- находящееся в отношении близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагинской области» в кабинет № 14, в течение тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, рекомендации от руководства предыдущего места работы). Дата приема документов с 05.05.2026 года.

№78

# Дәстүрлі дода дүбірі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сондай-ақ, «Saryaqqa Aqparat» меди-ахолдингінің директоры Қайрат Әбділа және «Индустриальная Караганда» газеті редакторының міндетін атқарушы Станислав Песнев те осы қатардан табылды.

– Арқа төрінде ақпарат кеңістігінің шамшырағына айналған, өңір тарихында алтын әріппен жазылған, елге ғана емес, әлемге танылған қос басылым – аймақтың рухани айнасы. Осындай іргелі газеттер игілікті істердің ұйытқысы болып, жұртшылықтың басын жақсылық жолында тоғыстырып келеді. Биыл да сол игі дәстүр жалғасын тауып, 79-шы мәрте ұйымдастырылып отырған жеңіл атлетика эстафетасында бас қосып отырмыз. Жыл өткен сайын қатысушылар қатары артып, эстафетаның мәні мен маңызы арта түсуде. Караганды қашан да ізгі бастамалардың ордасы десек, бұл жарыс та – сол жақсылықтың жарқын көрінісі. Спорт – өнер, спорт – бәсеке, спорт – ізгіліктің бастауы. Ендеше, осы аламан арқылы жақсылықтың жарысы болайық, – деді Бекзат Қомарұлы.

Сонымен қатар, спорт ардагері Людмила Селиверстова да сөз сөйлеп, эстафета қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Эстафета – кеңінен танылған, ерекше серпін мен эмоцияға толы спорт түрі. Онымен кез келген адам айналыса алғанымен, мұндай ірі додаға кіл мықтылар ғана жиналады. Мықты спортшылар-



тан қол үзген емес. Волейбол мен футболды қатар ойнап, үстел теннисіне де уақыт табатын көрінеді. Оған қоса, шахматқа әуестігі және бар. Ал, қар түссе, шаңғысын сайлап, белсенді өмір салтын жалғастырып келеді.

– Мен үнемі жаяу жүруге тырыса-

мыз. Біз үшін әр баланың талпынысы мен белсенділігі – үлкен жетістік, – деді қоғамдық қордың негізін қалаушы Гайһар Акижанова.

## Жарыс жолында...

«Достық» жарысы мәресіне жеткен соң эстафета жолын тоғыз жылдық мектептердің ұлдар мен қыздар командасы жалғайды. Олардың ізін ала 11 жылдық мектеп оқушылары, спорт интернаттарының тәрбиеленушілері және түрлі ұжымдық командалар жарысқа шықты. Эстафетаның алғашқы кезеңі – 600 метр. Әрине, команданы бастап шығу оңай емес. Себебі, дәл осы кезеңде көрсетілген нәтиже бүкіл команданың жалпы көрсеткішіне тікелей әсер етеді. Көп жағдайда алғашқы кезеңдегі қарқын мен уақыт жарыстың әрі қарайғы тағдырын шешіп-ақ жатады.

Ал, соңғы кезең – жарыстың шешуші сәті. Алдында – мәре сызығы, артында – өкшелей қуған қарсыластар. Дәл осы тұста бірінші болып жету бәрінен де маңызды. Бар жауапкершілік пен үміт соңғы кезеңге шыққан спортшының иығына жүктелетіні анық. Осындай сын сағатта команданың сенімін арқалаған-

ның соңғы кезеңін жүгіріп өтті. Өзі дене шынықтыру және спорт бөлімінің студенті. Жеңіл атлетикадан да алыс емес екен.

– Эстафета біз күткеннен де жоғары деңгейде өтті. Мен жеңіл атлетикамен жеті жылдан бері айналысамын. Спорттық разрядым да бар. Колледждегі жағдайыма тәжірибем мен көрсеткіштерімді ескеріп, мені соңғы кезеңге қойды. Әрине, дәл осы соңғы этап – жарыстың тағдырын шешетін ең жауапты сәт. Сондықтан, мұндай сенімді ақтауға тырыстым. Маған осындай маңызды кезеңде сенім артқан жандарға алғысымды білдіремін.

Биыл біздің қыздар командасы өте мықты жасақталды. Құрамның басым бөлігі – кәсіби спортшылар. Құрбым әрі группаласым Полина Кузнецова да эстафетаға қатысты. Ол – спорттық акробатикадан спорт шебері. Осындай тәжірибелі, жетістігі мол спортшылармен бірге жарыс жолына шыққан біздің команда нәтижесінде үздік атанды, – деді Диляра Ягудинова.

Эстафетаға қатысушылар қатарында жеңіл атлетикадан Азияның әрі төрт дүркін Қазақстан чемпионы Нұржан Сейдрахман да бар. Бүгінде 18 жастағы спортшы Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжде білім алуға. Ол жарысқа колледждің ерлер құрамасы сапында қатысқан.

– Біздің команда негізінен тәжірибелі, түрлі турнирлерде топ жарып жүрген мықты спортшылардан жасақталған. Биыл эстафетаға алғаш рет қатысып отырмын. Бұған дейін колледж ішінде өткен іріктеу жарысынан сәтті өтіп, осы құрамға ендім. Арнайы дайындыққа көп уақыт бөлінген жоқ. Өйткені, команда мүшелерінің барлығы спорт жолында шыңдалып жүрген студенттер. Жағдайымыз бізді кезең-кезеңге бөліп, қысқа жаттығу арқылы жарысқа бейімдеп шығарды. Алдағы уақытта да бұл эстафетаға қатысуды жоспарлап отырмын, – деді спортшы.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге салтанатты түрде сый-сияпат табысталды.

Суреттерді түсірген  
**Александр МАРЧЕНКО**



дан құралған командалар бұл жарыстың деңгейін айқындайды. Сондықтан, мұнда келген әрбір команда біз үшін үздік. Осындай спорттық шаралар адамдарды жақындастырып, өзара таныстық пен достықты нығайтады. Бір алаңда бас қосып, ортақ мақсат жолында күш сынасу – үлкен рухани байланысқа бастайды. Сол себепті де мұндай игі бастамалардан шет қалмай, әрдайым қолдау көрсету маңызды. Спорт – түпкі мақсат емес, ол – биік белестерге жетелейтін жолдың бір бөлігі ғана, – деді Людмила Николаевна.

Эстафетаның ресми бөлімі аяқталысымен, қатысушылар бірден жарыс жолына бет алды. Эстафетаның жалпы қашықтығы – 3300 метр. Қашықтық 10 кезеңге бөлініп, барлығы 13 жарыс ұйымдастырылды. Соның алғашқысы – дәстүрлі «Достық» жарысы.

Аталған сайысқа әуесқой спортшылармен қатар, ардагерлер, балалар және мүмкіндігі шектеулі жандар қатысты. Қатысушылар жеңіл жаттығулар арқылы дене қыздырып, старт сызығына тізілді. Содан соң төреші белгі берген сәттен жарыс бастап кетті.

## Бірлігі жарасқан «Достық»

Дәстүрлі «Достық» жарысының қашықтығы – 1300 метр. Мұнда уақыт межесі қарастырылмаған. Бұл додада басты нәтиже – жылдамдық емес, қашықтықты толық бағындыру. Соған қарамастан, қатысушылардың жарыс мәнері әртүрлі болды. Кейбірі жарысты баяу бастап, мәреге жақындағанда қарқынын үдетсе, енді бірі керісінше, алғашқы сәттен-ақ бар күшін салып, жылдамдыққа басымдық берді.

66 жастағы ардагер Берікбол Сағындық осы эстафетаға биыл бесінші жыл қатарынан қатысуы екен. Кезінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болған. Бүгінде зейнет жасына жетсе де, спорт-



мын. Қайда барсам да, жаяу барғанды жөн көремін. Бала күнімнен доп теуіп өстік. Қазір де күн сайын жүгіріп, денемді шынықтырып отырамын. Жастарды да спортпен айналысуға шақырамын. Өйткені, тұрақты қозғалыс – денсаулықтың кепілі, – деді ардагер.

«Батыл жүрек» қоғамдық қорынан биыл ата-аналарымен бірге 21 тәрбиеленуші қатысты. Аталған ұйым бұл эстафетадан жыл сайын қалыс қалған емес. Команда құрамында паралимпиадалық спорт түрі, бочман айналысатын спортшылар да бар.

– Біз командалықпен қандай спорт түрі болсын қалыс қалмауға тырысамыз. Осындай жарыстар балаларымызға ерекше жігер беріп, өз-өзіне деген сенімін арттырады. Біз осындай турнирлер арқылы ортақ жеңіске ұмтылып, бірлікті сезінеміз. Командалықпен ең кішкентай қатысушының бірі – Жасмин Жаңаева. Оның жасы небәрі тоғызда. Соған қарамастан, ол да қатарынан қалмай, бар ынтасымен қатысып жүр.

ның бірі – 18 жастағы Диляра Ягудинова. Ол Бірінші дивизиондағы колледждер арасындағы жарыста Карагандыдағы «Bolashaq» жоғары колледжінің қыздар командасының намысын қорғап, эстафе-



## 2026 ЖЫЛҒЫ жеңіл атлетикалық эстафетаның жеңімпаздары мен жүлдегерлері

### 11 жылдық мектептер (ұлдар)

I орын – №45 гимназия  
II орын – Шәкәрім атындағы гимназия  
III орын – №3 гимназия

### 11 жылдық мектептер (қыздар)

I орын – №45 гимназия  
II орын – Шәкәрім атындағы гимназия  
III орын – №97 гимназия

### 9 жылдық мектептер (ұлдар)

I орын – №11 орта мектеп  
II орын – №4 мектеп-интернаты  
III орын – №137 орта мектеп

### 9 жылдық мектептер (қыздар)

I орын – №64 орта мектеп  
II орын – №78 орта мектеп  
III орын – №20 орта мектеп

### 1-дивизион колледждері (ерлер)

I орын – «Bolashaq» Караганды жоғары колледжі  
II орын – Т.Бигелдинов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі  
III орын – Караганды жоғары политехникалық колледжі

### 1-дивизион колледждері (әйелдер)

I орын – «Bolashaq» Караганды жоғары колледжі  
II орын – Қазтұтынуодағы Караганды университеті  
III орын – Караганды жоғары гуманитарлық колледжі

### 2-дивизион колледждері (ерлер)

I орын – Караганды агротехникалық колледжі  
II орын – Караганды машина жасау колледжі  
III орын – Караганды цифрлық технологиялар және дизайн колледжі

### 2-дивизион колледждері (әйелдер)

I орын – Караганды цифрлық технологиялар және дизайн колледжі  
II орын – Караганды агротехникалық колледжі

### Өндірістік ұжымдар (ерлер)

I орын – «КазПрофТранс» ЖШС  
II орын – «Мэйкер КИМЗ» ЖШС  
III орын – «Жер қойнауын кешенді игеру проблемалары институты» ЖШС

### Ұйымдар, спорт клубтары (әйелдер)

I орын – Караганды жоғары гуманитарлық колледжі  
II орын – Караганды медицина университеті

### Ұйымдар, күштік құрылымдар, спорт клубтары (ерлер)

I орын – «Арлан» ПМ  
II орын – №5451 әскери бөлім (№2)  
III орын – №5451 әскери бөлім

### Жоғары оқу орындары (ерлер)

I орын – Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі  
II орын – Қазтұтынуодағы Караганды экономикалық университеті  
III орын – Б.Бейсенов атындағы ҚР Ішкі істер министрлігінің Караганды академиясы

### Жоғары оқу орындары (әйелдер)

I орын – Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі  
II орын – Қазтұтынуодағы Караганды экономикалық университеті  
III орын – Е.Бөкетов атындағы Караганды ұлттық зерттеу университеті

ORTALYQ QAZAQSTAN

Караганды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ  
Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

### Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

### Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күрәлі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Караганды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 081

№47 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Караганды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН